

ҚАРЖЫ НАРЫҒЫ ХАЛЫҚҚА ҚОЛАЙЛЫ МА?

9-БЕТ | САРАПТАМА



ҚАЙЫМ ТҰЛҒАСЫ МЕН МҰРАСЫ

12-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 10) тармақшасына және «Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 18-бабына сәйкес 2026 жылғы 15 наурызда референдум өтетіні туралы Жарлығын жариялады. Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының жобасы: «Жобасы бұқаралық ақпарат құралдарында 2026 жылғы 12 ақпанда жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?» деген сауал қойылып, республикалық референдумға шығарылсын» делінген Жарлық мәтінінде. Осыған орай бүгін газетімізде жаңа Конституция жобасын ұсынып отырмыз.

2-4

№18
(4916)
Сенбі
14 ақпан
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

UEFA КОНГРЕСІ АСТАНАДА ӨТЕДІ

Еуропа футбол қауымдастықтары одағының (UEFA) 51-конгресі 2027 жылы 4 наурызда Қазақстан астанасында өтетіні ресми түрде жарияланды.

Бұл шешім Брюссельде өткен UEFA-ның мерейтойлы 50-конгресінде хабарланды. Конгреске Қазақстан футбол федерациясының бас хатшысы Давид Лория қатысты. UEFA конгресі – ұйымның ең жоғары басқарушы органы. Жыл сайын өтетін конгреске 55 ұлттық қауымдастықтың өкілдері жиналады. Іс-шара аясында Еуропадағы футболдың стратегиялық дамуын айқындайтын негізгі шешімдер қабылданады, қаржылық және ұйымдастырушылық мәселелер бекітіледі, халықаралық жарыстарды өткізуге қатысты мәселелер қаралады, сондай-ақ UEFA-ның басшы органдары сайланады.

ОЮ-ӨРНЕК – ИСЕСКО ТІЗІМІНДЕ

Қазақтың дәстүрлі «Ою-өрнегі» ресми түрде ИСЕСКО-ның Ислам әлемі мұралары тізіміне енді. Тиісті шешім 11 ақпанда өткен ИСЕСКО Ислам әлемі мұралары комитетінің 13-сессиясында қабылданды. Бұл туралы Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.

«Ою-өрнектің ИСЕСКО-ның беделді тізіміне енуі – Қазақстанның материалдық емес мәдени мұрасын халықаралық деңгейде ілгерілетудегі маңызды қадам. Бұған дейін, яғни 2023 жылы ИСЕСКО тізіміне түркі өркениетінің басты нышандарының біріне айналған дәстүрлі «Тоғызқұмалақ» ойыны қосылған болатын» делінген жазбада.

Мемлекеттік кеңесшінің айтуынша, Президенттің Ұлттық құрылтай отырыстарында берген тапсырмаларына сәйкес, Қазақстанның мәдени мұра нысандарын ЮНЕСКО және ИСЕСКО тізімдеріне енгізу жұмысы жалғасады.



ЕЛОРДАДА СУ ТАСҚЫНЫНЫҢ АЛДЫН АЛУҒА БАҒЫТТАЛҒАН КЕШЕНДІ ЖҰМЫСТАР БАСТАЛДЫ. ЕРІГЕН ҚАР СУЫН АҒЫЗУ БОЙЫНША КЕШЕНДІ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ БЕКІТІЛДІ. ҚАЛАНЫҢ КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРІ ТҰРАҚТЫ ДАЙЫНДЫҚ РЕЖИМІНЕ КӨШТІ.

8

СУ ТАСҚЫНЫНАН САҚТАЙДЫ

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ


14-15 АҚПАН

Жәрмеңкеде көкөністер мен жеміс-жидектерді, ет өнімдерін, ұн және сүт өнімдерін, наубайхана тауарларын тиімді бағада сатып ала аласыздар. Жәрмеңке сағат 10:00-ден 19:00-ге дейін өтеді. Өтетін орны: «Keryen Joly» сауда орталығы, Алаш тасжолы, 35Б.

ҚОСЫМША ПОЙЫЗДАР ЖҮРЕДІ


«Жолаушылар тасымалы» мекемесі Наурыз мейрамына орай 20 рейске 3 қосымша пойыз тағайындайды, сондай-ақ сұранысы жоғары бағыттарда қатынайтын қолданыстағы пойыздар құрамына қосымша 230-ға жуық тіркеме вагон енгізеді. Нәтижесінде жолаушыларға 35 мың қосымша орын ұсынылады.

Қосымша пойыздар қозғалысы: №201/202 «Алматы-2 – Астана-1»; Алматы-2 станциясынан: 20, 22, 24, 26, 28, 30 наурыз; Астана-1 станциясынан: 21, 23, 25, 27, 29, 31 наурыз. Барлығы – 6 рейс. №204/203 «Астана Нұрлы жол – Шымкент»; Нұрлы жол станциясынан: 19, 20, 22, 23, 25, 26, 28, 29 наурыз; Шымкент станциясынан: 21, 22, 24, 25, 27, 28, 30, 31 наурыз. Барлығы – 8 рейс. №205/206 «Ақтөбе – Астана Нұрлы жол»; Ақтөбе станциясынан: 19, 21, 23, 25, 27, 29 наурыз; Нұрлы жол станциясынан: 20, 22, 24, 26, 28, 30 наурыз. Барлығы – 6 рейс. Билеттерді bilet.railways.kz ресми сайтынан және теміржол вокзалдарының кассаларынан сатып алуға болады.



Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы 2026 жылғы қасиетті Рамазан айы 19 ақпанда басталатынын мәлім етті.

Ай күнтізбесіне байланысты Ораза 29 немесе 30 күнге созылады. Наурыздың 16-сынан 17-сіне қараған түн Қадір түні болады. Ал қасиетті айдың аяқталуы мен Ораза айт мерекесі 20 наурызға сәйкес келеді. Биылғы Құрбан айт мейрамы 27-29 мамыр күндері өтеді.



Ұлттық тестілеу орталығы қаңтар айында өткен Бірыңғай ұлттық тестілеудің (ҰБТ) қорытындыларын жариялады.

Қаңтар айындағы тестілеуге жалпы 184 мың адам қатысты. Солардың ішінде абитуриенттердің 68%-ы шекті баллдарды жинаған, орташа балл 64, ал ең жоғарғы балл – 138. Сонымен қатар арнайы білім беру қажеттіліктері бар 446 адам тестіленді. Абитуриенттердің 75 пайызы қазақ тілінде, 25 пайызы орыс тілінде тест тапсыруға өтініш берген. 113 адам ағылшын тілін таңдаған.

№18 (4916) 14/02/2026 Сенбі

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ

2026 жылғы 12 ақпан
ЖОБА

Біз, біртұтас Қазақстан халқы,

байырғы қазақ жерінде мемлекеттілікті нығайта отырып,

Ұлы Даланың мыңдаған жылдық тарихының сабақтастығын сақтап,

мемлекеттің унитарлы сипатын, оның шекарасы мен аумағының тұтастығына қол сұғуға болмайтынын нақтылап,

Әділетті Қазақстан идеясын және Заң мен Тәртіп қағидатын ұстанып,

адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары мұлтіксіз сақталатынын мәлімдеп,

бірлік пен ынтымақ, этносаралық және конфессияаралық татулық қағидаттарына сүйеніп,

мәдениет пен білім, ғылым мен инновация құндылықтарын бағдарға алып,

табиғатты аялау қажеттігін мойындап,

бейбітшілікке және барлық елмен достыққа ұмтылып,

келешек ұрпақ алдындағы аса жоғары жауапкершілікті сезініп,

Қазақстан Республикасының Ата Заңын – осы Конституцияны қабылдаймыз.

I бөлім
Конституциялық құрылыс негіздері

1-бап

Қазақстан Республикасы – демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет. Мемлекеттің ең жоғары құндылығы – адам мен оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.

2-бап

1. Қазақстан Республикасы – унитарлы мемлекет. Басқару үлгісі – президенттік республика.

2. Қазақстан Республикасының Егемендігі оның бүкіл аумағын қамтиды. Мемлекет өз аумағының тұтастығын, қол сұғылмауын, бөлінбеуін қамтамасыз етеді.

3. Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы конституциялық заңда айқындалады.

4. Қазақстан Республикасының елордасы – Астана қаласы. Елорда мәртебесі конституциялық заңда айқындалады.

5. Қазақстан Республикасы мен Қазақстан атауларының мәні бірдей.

6. Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы (ақша бірлігі) – теңге.

Теңгені эмиссиялау айрықша құқығы Қазақстан Республикасына тиесілі.

7. Қазақстан Республикасының Егемендігі, Тәуелсіздігі, унитарлығы, аумақтық тұтастығы мен басқару үлгісі өзгермейді.

3-бап

1. Қазақстан Республикасы қызметінің негіз құраушы қағидаттары: Егемендік пен Тәуелсіздікті қорғау; адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сақтау; заң мен тәртіп үстемдігін қамтамасыз ету; жалпыұлттық бірлікті бекемдеу; халықтың әл-ауқатын арттыру; жауапты әрі жасампаз отаншылдық идеясын ілгерілету; қоғамдық диалогты дамыту; еңбексүйгіштік, прогресс, білім құндылықтарын бекіту; жоғары экологиялық мәдениетті қалыптастыру; тарихи-мәдени мұраны сақтау; төл мәдениетті қолдау.

2. Қазақстан Республикасы адам капиталын, білімді, ғылымды, инновацияны дамытуды мемлекет қызметінің стратегиялық бағыты деп таниды.

4-бап

1. Қазақстан халқы – мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы және Егемендік иесі.

2. Халық билікті жалпыхалықтық референдум және еркін сайлау арқылы тікелей жүргізеді, сондай-ақ өз билігін мемлекеттік органдар арқылы жүзеге асырады.

3. Қазақстан Республикасында билікті ешкім де иемденіп кете алмайды. Билікті иемденіп кету заңмен қудаланады. Халық пен мемлекет атынан әрекет ету құқығы Қазақстан Республикасының Президентіне, сондай-ақ конституциялық өкілеттігі шегінде Қазақстан Республикасының Құрылтайына тиесілі. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен өзге де мемлекеттік органдар өздеріне берілген өкілеттік шегінде мемлекет атынан әрекет етеді.

4. Қазақстан Республикасында мемлекеттік билік біртұтас, ол заң шығарушы, атқарушы, сот тармақтарына бөліну және өзара іс-қимыл жасау қағидатына сәйкес Конституция мен заңдар негізінде жүзеге асырылады.

5-бап

1. Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқығы – Конституцияның, оған сәйкес келетін заңдардың, Қазақстан Республикасы Конституциялық Соты мен Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларының, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, Қазақстан Республикасының халықаралық шарт міндеттемелерінің нормалары.

2. Конституцияның ең жоғары заңды күші бар және ол Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында тікелей қолданылады.

3. Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық шарттарды қолдану тәртібі заңдарда айқындалады.

4. Барлық заңдар мен Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар жарияланады. Азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілердің ресми жариялануы – оларды қолданудың міндетті шарты.

5. Азаматтарға жаңа міндеттер жүктейтін немесе олардың жағдайын нашарлататын заңдардың кері күші болмайды.

Жауаптылықты белгілейтін немесе күшейтетін заңдардың кері күші болмайды.

Жаңа заң бұрын жасалған құқық бұзушылық үшін жауаптылықты жоятын немесе жеңілдететін болса, онда жаңа заң қолданылады.

6. Қазақстан Республикасының жекелеген өңірлерінің экономикасын қарқынды дамыту мақсатында қаржы саласына қатысты арнаулы құқықтық режим немесе «қарқынды дамитын қала» арнаулы құқықтық режимі конституциялық заңдарға сәйкес белгіленуі мүмкін. Осы арнаулы құқықтық режимдер мемлекеттік басқару, сот жүйесінің жұмыс істеу ерекшеліктерін көздеуі мүмкін.

6-бап

1. Қазақстан Республикасында идеологиялық және саяси әралуандық танылады.

2. Қоғамдық бірлестіктер заң алдында тең. Мемлекеттің қоғамдық бірлестік ісіне, ал қоғамдық бірлестіктің мемлекет ісіне заңсыз араласуына және қоғамдық бірлестікке мемлекеттік орган функцияларын жүктеуге жол берілмейді. Мемлекеттік органда саяси партия ұйымын құруға жол берілмейді.

3. Мақсаты немесе әрекеті конституциялық құрылыс негіздерін күштеп өзгертуге, Қазақстан Республикасының тұтастығын және қоғамдық тәртіпті бұзуға, ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіруге, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни араздықты қоздыруға бағытталған қоғамдық бірлестік құруға және оның қызметіне, сондай-ақ заңнамада көзделмеген әскерилендірілген жасақ құруға тыйым салынады.

4. Басқа мемлекеттің саяси партиясы мен кәсіптік одағының, діни негіздегі саяси партияның қызметіне жол берілмейді, сондай-ақ саяси партия мен кәсіптік одақты шетелдік заңды тұлғаның, шетел азаматы мен азаматтығы жоқ адамның, шетелдік қатысуы бар заңды тұлғаның, шет мемлекет пен халықаралық ұйымның қаржыландыруына жол берілмейді.

5. Коммерциялық емес ұйымның шет мемлекеттен, халықаралық және шетелдік заңды тұлғадан, шетел азаматы мен азаматтығы жоқ адамнан алатын ақша қаражатының қозғалысы және активтері туралы ақпарат Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ашық әрі қолжетімді болуға тиіс.

7-бап

1. Дін мемлекеттен бөлек.

2. Қазақстан аумағында діни ұйымдардың қызметі заңға сәйкес жүзеге асырылады және ол конституциялық құрылыс негіздерін, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті, азаматтардың денсаулығы мен қоғамның адамгершілік болмысын сақтау мақсатында шектелуі мүмкін.

8-бап

1. Қазақстан Республикасында барлық меншік түрі танылады, оларға кепілдік беріледі және тең қорғалады.

2. Меншікті пайдалану қоғам мен мемлекет мүддесіне сай келуге, қоршаған ортаны қорғау саласындағы белгіленген талаптар сақталып іске асырылуға тиіс, басқа тұлғалардың заңмен қорғалатын құқықтары мен мүдделеріне нұқсан келтірмеуге тиіс. Меншік субъектілері мен объектілері, меншік иелерінің құқықтарының көлемі мен шегі, оларды қорғау кепілдіктері заңда айқындалады.

3. Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі. Халық атынан меншік құқығын мемлекет жүзеге асырады. Жер заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін.

9-бап

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі.

2. Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында қазақ тілімен қатар орыс тілі ресми түрде қолданылады.

3. Мемлекет біртұтас Қазақстан халқының тілдерін үйрену және дамыту үшін жағдай жасауға қамқорлық көрсетеді.

10-бап

Қазақстан Республикасы халықаралық құқық қағидаттары мен нормаларын құрметтейді, мүдделі мемлекеттермен бейбітшілік пен ынтымақтастықты, олардың ішкі ісіне араласпауды, халықаралық дауды бейбіт жолмен шешуді көздейтін сыртқы саясат жүргізеді.

11-бап

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері – Мемлекеттік Ту, Мемлекеттік Елтаңба, Мемлекеттік Әнұран. Олардың сипаттамасы және пайдалану тәртібі конституциялық заңда белгіленеді.

II бөлім
Негізгі құқықтар, бостандықтар мен міндеттер

12-бап

1. Әр адамның құқық субъектісі ретінде танылуға құқығы бар. Әр адам құқықтары мен бостандықтарын заңға қайшы келмейтін барлық тәсілмен, оның ішінде қажетті қорғаныс арқылы қорғауға құқылы.

2. Әр адамның өз құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғауға құқығы бар.

3. Қазақстан Республикасында заңға сәйкес білікті заң көмегін алу құқығы танылады.

13-бап

1. Қазақстан Республикасының азаматтығы заңға сәйкес беріледі және тоқтатылады, ол берілген негізіне қарамастан бірыңғай және тең.

2. Қазақстан Республикасының азаматын өз азаматтығынан айыруға, азаматтығын өзгерту құқығынан айыруға, сондай-ақ Қазақстаннан тыс жерге аластатуға болмайды. Азаматтықтан айыруға террористік қылмыс жасағаны, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделеріне өзге де ауыр зиян келтіргені үшін сот шешімімен ғана жол беріледі.

3. Қазақстан Республикасының азаматында қос немесе көп азаматтығы болуына жол берілмейді. Өзге ел азаматтығының болуы Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтатуға негіз болады. Шет мемлекетте туғанына байланысты сол мемлекеттің азаматтығын алған кәмелетке толмаған балаға қатысты заңда көзделген ережелер қолданылады.

14-бап

1. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының азаматы шет мемлекетке берілмейді.

2. Қазақстан Республикасы өз азаматтарын ел аумағынан тыс жерде заңға сәйкес қорғауға кепілдік береді.

15-бап

1. Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі.

2. Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан тиесілі, олар ажыратуға және айыруға болмайтын деп танылады, Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқығының мазмұны мен қолданылуы осыған қарай айқындалады.

3. Қазақстан Республикасы азаматының өз азаматтығына орай құқықтары мен міндеттері бар.

4. Конституцияда, заңдарда және халықаралық шарттарда көзделген жағдайда шетел азаматы мен азаматтығы жоқ адам Қазақстан Республикасының азаматы үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттерді атқарады.

5. Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын іске асыру басқа тұлғаның құқықтарын бұзбауға және бостандықтарын шектемеуге тиіс, конституциялық құрылыс негіздеріне, қоғамдық тәртіпке, азаматтардың денсаулығы мен қоғамның адамгершілік болмысына нұқсан келтірмеуге тиіс.

6. Әр адамның мемлекеттік органның немесе оның лауазымды адамының заңсыз әрекетімен келтірілген зиянды мемлекеттен өтетіп алуға құқығы бар.

16-бап

1. Заң мен сот алдында бәрі тең.

2. Қазақстан Республикасының азаматын, Қазақстан Республикасының аумағында тұратын немесе уақытша жүрген шетел азаматы мен азаматтығы жоқ адамды тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, діни көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне немесе кез келген өзге де себептерге байланысты кемсітуге болмайды.

17-бап

1. Өмір сүру құқығы – әр адамның ажыратуға және айыруға болмайтын құқығы.

2. Ешкімнің өз бетімен адам өмірін қиюға құқығы жоқ.

3. Өлім жазасына тыйым салынған.

18-бап

1. Әр адамға жеке бас бостандығы мен жеке басына қол сұғылмау құқығына кепілдік беріледі.

2. Сот шешімінсіз адамды заңда көзделген мерзімнен артық ұстауға болмайды.

Күзетпен ұстауға сот шешімімен ғана рұқсат етіледі және оған шағым жасау құқығы беріледі.

3. Әр адамға ұсталған сәтте бостандығын шектеу негіздері және оның құқықтары түсіндіріледі.

4. Ұсталған адамның, күдіктінің, айыпталушының тиісінше ұсталған, күдікті ретінде танылған немесе айып тағылған сәттен бастап адвокат (қорғаушы) көмегін пайдалануға құқығы бар.

19-бап

1. Заңды күшіне енген сот үкімімен адам кінәлі деп танылмайынша, ол жасалған қылмыстық құқық бұзушылыққа кінәлі емес деп саналады.

2. Ешкім өз-өзіне, жұбайына (зайыбына) және заңда айқындалған жақын туыстарына қарсы айғақ беруге міндетті емес.

Діни қызметшілер өздеріне сеніп, сырын ашқан адамдарға қарсы куәлік етуге міндетті емес.

3. Адамды дәл сол құқық бұзушылық үшін қылмыстық немесе әкімшілік жауаптылыққа қайта тартуға тыйым салынады.

20-бап

1. Адамның ар-намысы мен қадір-қасиетіне қол сұғуға болмайды және олар заңмен қорғалады.

2. Ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқа да қатыгездік көрсетіп немесе адамның қадір-қасиетін қорлап жәбірлеуге не жазалауға болмайды.

21-бап

1. Жеке өмірге қол сұғылмау құқығына, жеке және отбасы құпиясының болу құқығына, цифрлық технологияларды қолдануды қоса алғанда, дербес деректерді заңсыз жинаудан, өңдеуден, сақтаудан және пайдаланудан қорғау құқығына заңмен кепілдік беріледі.

2. Банк операцияларының, жеке салымдар мен жинақтардың, жазысқан хаттардың, телефон арқылы сөйлескен сөздердің, пошта хабарламаларының және байланыс құралдары, оның ішінде цифрлық технологияларды қолдану арқылы берілетін өзге де хабарламалардың құпиясы заңмен қорғалады. Бұл құқықты шектеуге заңда белгіленген жағдайда және көзделген тәртіппен ғана жол беріледі.

3. Мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды адамдар және бұқаралық ақпарат құралдары әр адамға өз құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжатпен, шешіммен және ақпарат көзімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

22-бап

1. Әр адам өзінің қай ұлтқа жататынын айқындауға, оны көрсетуге не көрсетпеуге құқылы.

2. Әр адамның ана тілі мен төл мәдениетін қолдануға, қарым-қатынас жасау, тәрбие беру, оқу мен шығармашылық тілін еркін таңдауға құқығы бар.

23-бап

1. Сөз еркіндігіне, ғылыми, техникалық, көркем шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі.

2. Зияткерлік меншік заңмен қорғалады.

3. Мемлекеттік құпияларды қоспағанда, еркін ақпарат алу және тарату құқығы заңмен тыйым салынбаған кез келген тәсілмен іске асырылады. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын құрайтын мәліметтер тізбесі заңда айқындалады.

4. Сөз еркіндігі және ақпарат тарату еркіндігі басқа адамдардың ар-намысы мен қадір-қасиетіне, азаматтардың денсаулығы мен қоғамның адамгершілік болмысына нұқсан келтірмеуге, қоғамдық тәртіпті бұзбауға тиіс.

5. Цензураға тыйым салынады.

6. Қазақстан Республикасының конституциялық құрылыс негіздерін күштеп өзгертуді, аумағының тұтастығына, Егемендігі мен Тәуелсіздігіне қол сұғуды, қоғамдық тәртіпті бұзуды, ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіруді, соғысты, қарулы қақтығысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, этностық, діни басымдықты немесе алауыздықты, қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды насихаттауға, сондай-ақ осындай әрекеттерге шақыруға жол берілмейді.

24-бап

1. Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында заңды түрде жүрген әр адамның ел аумағында еркін жүріп-тұруға және тұрғылықты жерін еркін таңдауға құқығы бар.

2. Әр адамның Қазақстан Республикасынан тыс жерге шығуға құқығы бар. Бұл құқықты шектеуге заңда белгіленген жағдайда және көзделген тәртіппен жол беріледі. Қазақстан Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасына кедергісіз оралуға құқығы бар.

25-бап

1. Әр адамның ар-ождан бостандығына құқығы бар.

2. Ар-ождан бостандығы құқығын пайдалану жалпыадамзат пен азамат құқықтарын, мемлекет алдындағы міндеттерді шектемеуге тиіс.

26-бап

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының бірлестік құру бостандығына құқығы бар. Қоғамдық бірлестік қызметі заңмен реттеледі.

2. Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты, Жоғарғы Соты және өзге де соттары төрағалары мен судьяларының, Орталық сайлау комиссиясы, Жоғары аудиторлық палатасы төрағалары мен мүшелерінің, құқық қорғау органы және арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері мен жұмыскерлерінің, әскери қызметшілердің саяси партия мен кәсіптік одақта болуға, қандай да бір саяси партияға немесе қоғамдық-саяси қозғалысқа қолдау көрсетуге не сыни пікір білдіруге құқығы жоқ.

27-бап

1. Әр адамның еңбек етуге, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауға құқығы бар. Еңбекке мәжбүрлеп тартуға қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін адамды кінәлі деп тану туралы сот актісінің негізінде, не төтенше жағдайда, не соғыс жағдайында жол беріледі.

2. Қазақстан Республикасы қауіпсіздік пен гигиена талаптарына сай еңбек жағдайлары құқығына, еңбегі үшін қандай да бір кемсітусіз сыйақы алу, сондай-ақ әлеуметтік қорғалу құқығына заңға сәйкес кепілдік береді.

3. Заңда белгіленген тәсілдерді қолдана отырып, жеке және ұжымдық еңбек дауларын шешу құқығы танылады.

4. Тынығу, жұмыс уақытының ұзақтығы, демалыс және мереке күндері, ақы төленетін демалыс құқығына заңмен кепілдік беріледі.

28-бап

1. Тұрғын үйге қол сұғуға болмайды. Сот шешімінсіз тұрғын үйден айыруға және шығарып жіберуге жол берілмейді. Тұрғын үйге басып кіруге, оны қарап-тексеруге, тінтуге заңда белгіленген жағдайда және көзделген тәртіппен жол беріледі.

2. Қазақстан Республикасында өз азаматтарын тұрғын үймен қамтамасыз етуге жағдай жасалады. Тұрғын үй соған мұқтаж азаматтардың заңда көрсетілген санаттарына заңда белгіленген нормаларға сәйкес беріледі.

29-бап

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының заңды түрде алған кез келген мүлкіне жеке меншік құқығы бар.

2. Меншікке және мұрагерлік құқыққа заңмен кепілдік беріледі.

3. Сот шешімінсіз ешкімді өз мүлкінен айыруға болмайды. Заңмен көзделген айрықша жағдайда мемлекет мұқтажы үшін мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығаруға оның тең құны өтелген кезде жол беріледі.

4. Қазақстан Республикасы кәсіпкерлік қызмет бостандығы құқығына, өз мүлкін кез келген заңды кәсіпкерлік қызмет үшін еркін пайдалану құқығына кепілдік береді. Монополистік қызмет заңмен реттеледі немесе шектеледі. Жосықсыз бәсекеге тыйым салынады.

30-бап

1. Неке және отбасы, ана, әке мен бала мемлекет қорғауында болады.

2. Неке – ер мен әйелдің мемлекет заңға сәйкес тіркеген ерікті және тең құқықты одағы.

3. Балаға қамқорлық жасау және тәрбие беру – ата-ананың етене құқығы әрі міндеті.

4. Кәмелетке толған еңбекке қабілетті балалар еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауға міндетті.

31-бап

1. Қазақстан Республикасының азаматына жалақы мен зейнетақының ең төмен мөлшеріне кепілдік беріледі, сондай-ақ жасына, науқастануына, мүгедектігіне, асыраушысынан айырылуына байланысты және өзге де заңды негіздер бойынша әлеуметтік қамсыздандыруға кепілдік беріледі.

2. Қазақстан Республикасында ерікті әлеуметтік сақтандыру, өзге де әлеуметтік қамсыздандыру нысандары, волонтерлік қызмет пен қайырымдылық қолдау табады.

32-бап

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтауға құқығы бар.

2. Қазақстан Республикасының азаматтары заңда белгіленген медициналық көмекті ақы төлемей алуға құқылы.

3. Мемлекеттік және жекеменшік емдеу мекемелерінде, сондай-ақ жеке медициналық практикамен айналысатын тұлғалардан ақылы медициналық көмек алу заңда белгіленген негіздерде және көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

33-бап

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік оқу орындарында ақы төлемей орта білім алуына кепілдік беріледі. Бастауыш және негізгі орта білім міндетті.

2. Қазақстан Республикасы азаматының заңға сәйкес жоғары оқу орындарында жоғары білім алуға құқығы бар.

3. Жекеменшік оқу орындарында ақылы білім алу заңда белгіленген негіздерде және көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

4. Мемлекет жалпыға міндетті білім беру стандарттарын белгілейді. Барлық оқу орнының қызметі осы стандарттарға сәйкес келуге тиіс.

5. Рухани (діни) білім беру ұйымдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағындағы білім беру ұйымдарында білім мен тәрбие беру жүйесі зайырлы сипатқа ие.

34-бап

Қазақстан Республикасы азаматтарының бейбіт жиналысқа құқығы бар. Бұл құқықты пайдалану конституциялық құрылыс негіздерін, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті, азаматтардың денсаулығы мен қоғамның адамгершілік болмысын сақтау мақсатында заңмен шектелуі мүмкін.

35-бап

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының тікелей және өз өкілдері арқылы мемлекет ісін басқаруға қатысуға, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына өзі жүгінуге, сондай-ақ жеке және ұжымдық өтініш жолдауға құқығы бар.

2. Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауға және оларға сайлануға, сондай-ақ жалпыхалықтық референдумға қатысуға құқығы бар. Жалпыхалықтық референдум өткізу тәртібі конституциялық заңда айқындалады.

3. Сот әрекетке қабілетсіз деп таныған Қазақстан Республикасы азаматтарының, сондай-ақ сот үкімімен бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жүрген Қазақстан Республикасы азаматтарының сайлауға, жалпыхалықтық референдумға қатысуға құқығы жоқ.

Сот әрекетке қабілетсіз деп таныған Қазақстан Республикасы азаматтарының, сотталғандығы заңда белгіленген тәртіппен жойылмаған немесе алынбаған Қазақстан Республикасы азаматтарының, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық қылмыс немесе сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға қатысты кінәсін сот заңда белгіленген тәртіппен таныған Қазақстан Республикасы азаматтарының сайлануға құқығы жоқ.

4. Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік қызметке кіруге тең құқығы бар. Мемлекеттік қызметші лауазымына кандидатқа қойылатын талаптар заңға сәйкес лауазымдық міндетінің сипатына ғана қатысты болады.

36-бап

1. Әр адам Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

2. Әр адам Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге міндетті.

37-бап

1. Қазақстан Республикасының азаматтары табиғатты сақтауға және табиғи байлыққа ұқыпты қарауға міндетті.

2. Мемлекет адамның өмір сүруіне және денсаулығына қолайлы болатын қоршаған ортаны қорғауды мақсат етеді.

3. Адам өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға қатер төндіретін фактілерді, мән-жайларды лауазымды адамдардың жасыруы заңға сәйкес жауаптылыққа алып келеді.

38-бап

Заңды түрде белгіленген салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу – әр адамның борышы мен міндеті.

39-бап

1. Қазақстан Республикасын қорғау – оның әр азаматының қасиетті парызы мен міндеті.

2. Қазақстан Республикасының азаматтары әскери қызметті заңда белгіленген түрде және көзделген тәртіппен өткереді.

40-бап

Қазақстан Республикасының азаматтары тарихи және мәдени мұраның сақталуына қамқор болуға, тарих пен мәдениет ескерткіштеріне ұқыпты қарауға міндетті.

41-бап

1. Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылыс негіздерін, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті, азаматтардың денсаулығы мен қоғамның адамгершілік болмысын сақтау мақсатында тек заңмен және қажетті шамада ғана шектелуі мүмкін.

2. Этносаралық және конфессияаралық татулықты бұзуға алып келетін әрекет конституциялық емес деп танылады.

3. Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын саяси себептермен шектеуге жол берілмейді. Қазақстан Республикасы Конституциясының 12, 14, 16, 17, 20, 22, 25-баптарында көзделген құқықтар мен бостандықтар ешбір жағдайда шектелмеуге тиіс.

III бөлім
Президент

42-бап

1. Қазақстан Республикасының Президенті – мемлекет басшысы, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын, Қазақстан атынан ел ішінде және халықаралық қатынастарда өкілдік ететін ең жоғары лауазымды тұлға.

2. Қазақстан Республикасының Президенті – халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мызғымастығының, адамның және Қазақстан Республикасы азаматының құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі.

3. Қазақстан Республикасының Президенті мемлекеттік биліктің барлық тармағының үйлесімді әрі кедергісіз жұмыс істеуін, билік органдарының біртұтас Қазақстан халқының алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етеді.

43-бап

1. Қазақстан Республикасының Президентін Қазақстан Республикасының кәмелетке толған азаматтары конституциялық заңға сәйкес жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы жеті жыл мерзімге сайлайды.

Конституцияға сәйкес бір адам бір реттен артық Қазақстан Республикасының Президенті болып сайлана алмайды.

2. Қазақстан Республикасының Президенті болып тумысынан Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын, қырық жасқа толған, мемлекеттік тілді жетік меңгерген, Қазақстанда соңғы он бес жыл бойы тұратын, жоғары білімі бар және мемлекеттік қызметте немесе сайланбалы мемлекеттік лауазымда кемінде бес жыл жұмыс істеген Қазақстан Республикасының азаматы сайлана алады.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің кезекті сайлауы оның өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін екі айдан кешіктірілмей өткізіледі және Қазақстан Республикасы Құрылтайының жаңа құрамын сайлау мерзімімен тұспа-тұс келмеуге тиіс.

4. Дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың елу пайызынан астам дауысын алған кандидат сайланды деп саналады. Кандидаттардың ешқайсысы елу пайыздан астам дауыс ала алмаса, ең көп дауыс санын алған екі кандидат қайта дауысқа салынады. Дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың ең көп дауыс санын алған кандидат сайланды деп саналады.

5. Осы баптың 1-тармағының ережелері өзгермейді.

44-бап

1. Қазақстан Республикасының Президенті: «Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын қатаң сақтауға, Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беруге, өзіме жүктелген Қазақстан Республикасы Президентінің мәртебелі міндетін адал атқаруға салтанатты түрде ант етемін», – деп халыққа ант берген сәттен бастап қызметіне кіріседі.

2. Ант беру рәсімі сайлау қорытындысы жарияланған күннен бастап бір ай ішінде Қазақстан Республикасы Құрылтайы депутаттарының, Конституциялық Соты, Жоғарғы Соты судьяларының, экс-Президенттерінің, сондай-ақ қоғам өкілдері мен шақырылған шетел азаматтарының қатысуымен өткізіледі. Конституцияның 51-бабында көзделген жағдайда Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін қабылдаған тұлға Қазақстан Республикасының Президенті өз еркімен орнынан түсуіне, денсаулық жағдайына қарай өз міндеттерін атқаруға тұрақты қабілетінің болмауына немесе қызметінен кетірілуіне байланысты мерзімінен бұрын лауазымынан босатылған не қайтыс болған күннен бастап жеті күн ішінде ант береді.

3. Жаңадан сайланған Қазақстан Республикасының Президенті қызметіне кіріскен сәттен бастап, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті өз еркімен орнынан түсуіне, денсаулық жағдайына қарай өз міндеттерін атқаруға тұрақты қабілетінің болмауына немесе қызметінен кетірілуіне байланысты мерзімінен бұрын лауазымынан босатылған не қайтыс болған жағдайда Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігі тоқтатылады. Қызметінен кетірілгендерден басқа, Қазақстан Республикасының барлық бұрынғы Президенттерінің Қазақстан Республикасының экс-Президенті атағы болады.

45-бап

1. Қазақстан Республикасы Президентінің өз өкілеттігі кезеңінде өкілді органның депутаты болып сайлануға, өзге де ақы төленетін лауазымды атқаруға, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ саяси партияда болуға құқығы жоқ.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің жақын туыстарының мемлекеттік саяси қызметші лауазымында, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшы лауазымында болуға құқығы жоқ.

46-бап

Қазақстан Республикасының Президенті:

1) Қазақстан халқына елдегі жағдай мен Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары туралы жолдау жасайды;

2) депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен берілген Құрылтай келісімімен Қазақстан Республикасының Вице-Президентін тағайындайды; Вице-Президентті лауазымынан босатады, оның өкілеттігін айқындайды.

Конституцияның 62-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Вице-Президентті тағайындауға келісім беруден қайта бас тартылған жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтайды таратуға құқылы;

3) Қазақстан Республикасы Құрылтайының кезекті және кезектен тыс сайлауын тағайындайды; Құрылтайдың бірінші сессиясын шақырады және оның депутаттарының Қазақстан халқына беретін антын қабылдайды; Құрылтайдың кезектен тыс сессиясын шақырады; Құрылтай ұсынған заңға бір ай ішінде қол қояды, заңды халыққа жариялайды немесе заңды не оның жекелеген баптарын қайта талқылап, дауысқа салу үшін қайтарады;

4) Құрылтайда өкілдігі бар саяси партиялар фракцияларымен консультациядан кейін Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің кандидатурасын келісім беру үшін Құрылтайдың қарауына ұсынады; депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен берілген Құрылтай келісімімен Премьер-Министрді тағайындайды; Премьер-Министрді лауазымынан босатады; Премьер-Министрдің ұсынуымен Үкімет құрылымын айқындайды; Құрылтаймен консультациядан кейін Премьер-Министр ұсынған Үкімет мүшелерін тағайындайды; сыртқы істер, қорғаныс, ішкі істер министрлерін дербес тағайындайды; Үкімет мүшелерін лауазымынан босатады; Үкімет мүшелерінің антын қабылдайды; аса маңызды мәселелер бойынша Үкімет отырыстарына төрағалық етеді.

Конституцияның 62-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Премьер-Министрді тағайындауға келісім беруден қайта бас тартылған жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтайды таратуға құқылы;

5) Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының Төрағасын, Жоғарғы Сотының Төрағасын, Ұлттық Банкінің Төрағасын, Бас Прокурорын, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын, Орталық сайлау комиссиясының Төрағасын, Жоғары аудиторлық палатасының Төрағасын, Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасын, Мемлекеттік күзет қызметінің Бастығын, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді тағайындайды және оларды лауазымынан босатады;

6) Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдарды құрады, таратады және қайта құрады, олардың басшыларын тағайындайды және лауазымынан босатады;

7) Қазақстан Республикасы дипломатиялық өкілдіктерінің басшыларын тағайындайды және кері шақырып алады;

8) депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен берілген Құрылтай келісімімен Конституциялық Соттың он судьясын сегіз жыл мерзімге, Орталық сайлау комиссиясының алты мүшесін бес жыл мерзімге, Жоғары аудиторлық палатаның сегіз мүшесін бес жыл мерзімге тағайындайды; оларды лауазымынан босатады.

Конституцияның 62-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Конституциялық Сот судьяларын, Орталық сайлау комиссиясы мен Жоғары аудиторлық палата мүшелерін тағайындауға келісім беруден қайта бас тартылған жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтайды таратуға құқылы;

9) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас Қолбасшысы болып табылады, Қарулы Күштердің жоғары қолбасшылығын тағайындайды және лауазымынан босатады;

10) жалпыхалықтық референдум өткізу туралы шешім қабылдайды;

11) адамның және Қазақстан Республикасы азаматының құқықтары мен бостандықтарын қорғау, ұлттық қауіпсіздікті, мемлекеттің Егемендігі мен тұтастығын қамтамасыз ету мүддесінде Конституциялық Сотқа күшіне енген заңның немесе өзге де құқықтық актінің Конституцияға сәйкестігін қарау туралы және Конституцияның 93-бабында көзделген жағдайда қорытынды беру туралы өтініш жібереді;

12) Қазақстан Республикасының атынан келіссөздер жүргізеді және халықаралық шарттарға қол қояды; ратификациялық грамоталарға қол қояды; шет мемлекеттердің Қазақстан Республикасында аккредиттелген дипломатиялық өкілдіктері басшыларының, сондай-ақ халықаралық ұйым басшыларының сенім және кері шақырып алу грамоталарын қабылдайды;

13) мемлекеттік наградаларды, құрметті атақтарды белгілейді;

14) мемлекеттік наградалармен марапаттайды, құрметті атақтарды, жоғары әскери және өзге де атақтарды, сыныптық шендерді, дипломатиялық дәрежелерді, біліктілік сыныптарын береді;

15) Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселесін, саяси баспана беру мәселесін шешеді;

16) кешірім беруді жүзеге асырады;

17) Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі мен аумағының тұтастығына, ішкі саяси тұрақтылығына, азаматтарының қауіпсіздігіне тікелей қатер төнсе және бұл мемлекеттік конституциялық органдардың жұмыс істеуін бұзуға алып келсе, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрімен және Құрылтайы Төрағасымен ресми консультациядан кейін Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында немесе жекелеген аймақтарында төтенше жағдай енгізуді, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін қолдануды қоса алғанда, осы мән-жайлар талап ететін шараларды қабылдайды;

18) Қазақстан Республикасына қарсы агрессия жасалған не оның қауіпсіздігіне сырттан тікелей қатер төнген жағдайда Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында немесе оның жекелеген аймақтарында соғыс жағдайын енгізеді, ішінара не жалпы жұмылдыру жариялайды, бұл жөнінде Қазақстан Республикасының Құрылтайына дереу хабарлайды;

19) өзіне бағынатын Мемлекеттік күзет қызметін құрады;

20) Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігін құрады;

21) Қауіпсіздік Кеңесін, өзге де консультативтік-кеңесші органдарды, сондай-ақ Жоғары Сот Кеңесін құрады;

22) Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

47-бап

1. Қазақстан Республикасының Президенті Конституция мен заңдар негізінде және олардың орындалуы үшін Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші бар жарлықтар мен өкімдер шығарады.

2. Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтай өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылып, ол уақытша болмаған кезеңде Қазақстан Республикасының конституциялық заң күші немесе заң күші бар жарлықтар шығарады.

3. Қазақстан Республикасының Президенті қол қойғанға дейін заңдарды Құрылтай Төрағасы мен Премьер-Министр алдын ала қол қойып бекемдейді және оларға заңдардың Конституция мен заңдарға сәйкестігі үшін жауаптылық жүктеледі.

Үкімет бастамасымен шығарылатын Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін Премьер-Министр алдын ала қол қойып бекемдейді және оған актілердің Конституция мен заңдарға сәйкестігі үшін жауаптылық жүктеледі.

48-бап

1. Қазақстан Республикасының Президентіне, оның арнамысы мен қадір-қасиетіне қол сұғылмайды.

Мемлекетке опасыздық жасауды қоспағанда, Президент өкілеттігін атқару кезіндегі әрекеті үшін Қазақстан Республикасының Президенті қылмыстық және әкімшілік жауаптылыққа тартылмайды.

2. Қазақстан Республикасының Президенті мен оның отбасын қамтамасыз ету, қызмет көрсету және күзету мемлекет есебінен жүзеге асырылады.

3. Осы баптың ережелері Қазақстан Республикасының экс-Президенттеріне қолданылады.

49-бап

1. Қазақстан Республикасының Вице-Президентін депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен берілген Қазақстан Республикасы Құрылтайының келісімімен Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.

2. Вице-Президенттің өз өкілеттігі кезеңінде өкілді органның депутаты болып сайлануға, өзге де ақы төленетін лауазымды атқаруға, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ саяси партияда болуға құқығы жоқ.

3. Вице-Президент Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша Құрылтаймен, Үкіметпен және басқа да мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау кезінде Президент атынан өкілдік етеді, сондай-ақ Президент айқындайтын өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

50-бап

1. Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотына мәлімдеме беру арқылы өз еркімен орнынан түсуге құқылы. Конституциялық Сот Қазақстан Республикасы Президентінің орнынан түсу туралы мәлімдемені өзі және өз еркімен бергенін растайды. Конституциялық Сот қорытынды берген сәттен бастап Қазақстан Республикасының Президенті өз еркімен орнынан түсуіне байланысты лауазымынан босатылды деп саналады.

2. Қазақстан Республикасының Президенті денсаулығына байланысты өз міндеттерін атқаруға тұрақты қабілеті болмаған жағдайда мерзімінен бұрын лауазымынан босатылуы мүмкін. Бұл жағдайда Құрылтай депутаттардан және тиісті медицина салаларының мамандарынан тұратын комиссия құрады. Мерзімінен бұрын босату туралы шешім комиссияның қорытындысы негізінде және Конституциялық Соттың белгіленген конституциялық рәсімдердің сақталғаны туралы қорытындысы негізінде Құрылтай отырысында депутаттардың жалпы санының кемінде төрттен үшінің дауысымен қабылданады.

3. Қазақстан Республикасының Президенті өз өкілеттігін атқару кезіндегі әрекеті үшін мемлекетке опасыздық жасағанда ғана жауапты болады және бұл үшін Құрылтай оны қызметінен кетіруі мүмкін. Қазақстан Республикасының Президентіне мемлекетке опасыздық жасады деп айып тағу және оны тергеп-тексеру туралы бастаманы Құрылтай депутаттары жалпы санының кемінде үштен бірі көтереді. Бұл мәселе бойынша шешім Құрылтай депутаттарының жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады. Құрылтай тағылған айыпты тергеп-тексеруді ұйымдастырады және оның нәтижелері Құрылтай депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен Құрылтай отырысының қарауына шығарылады. Бұл мәселе бойынша түпкілікті шешім Жоғарғы Соттың айып тағудың негізділігі туралы қорытындысы және Конституциялық Соттың белгіленген конституциялық рәсімдердің сақталғаны туралы қорытындысы болған жағдайда Құрылтай отырысының депутаттардың жалпы санының кемінде төрттен үшінің дауысымен қабылданады. Айып тағылған сәттен бастап екі ай ішінде түпкілікті шешім қабылданбаса, бұл Қазақстан Республикасының Президентіне қарсы айыпты қабылданбады деп тануға алып келеді. Қазақстан Республикасының Президентіне мемлекетке опасыздық жасады деп тағылған айыпты кез келген сатыда қабылданбауы осы мәселені қарауға бастамашы болған Құрылтай депутаттарының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға алып келеді.

4. Қазақстан Республикасының Президентін қызметінен кетіру туралы мәселе Құрылтайдың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату мәселесін қарау кезеңінде ұсынылмайды.

51-бап

1. Қазақстан Республикасының Президенті өз еркімен орнынан түсуіне, денсаулық жағдайына қарай өз міндеттерін атқаруға тұрақты қабілетінің болмауына немесе Қазақстан Республикасының Президенті қызметінен кетірілуіне байланысты мерзімінен бұрын лауазымынан босатылған, сондай-ақ қайтыс болған жағдайда Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігі Вице-Президентке өтеді; Вице-Президенттің денсаулық жағдайына немесе жеке сипаттағы өзге де себептерге байланысты Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін қабылдауы мүмкін болмаған кезде Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігі Құрылтай Төрағасына өтеді; Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін Құрылтай Төрағасының қабылдауы мүмкін болмаған кезде Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігі Премьер-Министрге өтеді.

Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін қабылдаудан бас тарту жөнінде шешім қабылдаған тұлға Конституциялық Сотқа Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін қабылдаудан бас тарту туралы мәлімдеме береді. Конституциялық Сот Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін қабылдаудан бас тарту туралы мәлімдемені осы тұлғаның өзі және өз еркімен бергенін растайды және қорытынды береді.

Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін қабылдаған тұлға тиісінше Вице-Президент, Құрылтай Төрағасы, Премьер-Министр өкілеттігін доғарады. Бұл жағдайда бос мемлекеттік лауазымдарға орналасу Конституцияда көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасының Президенті өз еркімен орнынан түсуіне, денсаулық жағдайына қарай өз міндеттерін атқаруға тұрақты қабілетінің болмауына немесе Қазақстан Республикасының Президенті қызметінен кетірілуіне байланысты мерзімінен бұрын лауазымынан босатылған не қайтыс болған күннен бастап жеті күн ішінде Құрылтай Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауын өткізу туралы жариялайды. Сайлау Құрылтай тиісті шешім қабылдаған күннен бастап екі ай ішінде өткізіледі.

3. Осы баптың 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін қабылдаған тұлғаның Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге бастама жасауға, сондай-ақ Құрылтайды таратуға құқығы жоқ.

IV бөлім
Құрылтай

52-бап

1. Қазақстан Республикасының Құрылтайы – заң шығару билігін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының жоғары өкілді органы.

2. Құрылтайдың өкілеттігі оның бірінші сессиясы ашылған кезден басталады және жаңадан шақырылған Құрылтайдың бірінші сессиясының жұмысы басталған кезде аяқталады.

3. Құрылтайдың өкілеттігі Конституцияда көзделген жағдайда және белгіленген тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

4. Құрылтайдың ұйымдастырылуы мен қызметі, оның депутаттарының құқықтық жағдайы конституциялық заңда айқындалады.

53-бап

1. Құрылтай біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша пропорциялы өкілдік жүйе негізінде конституциялық заңда белгіленген тәртіппен сайланатын бір жүз қырық бес депутаттан тұрады.

2. Құрылтай депутаттарының өкілеттік мерзімі – бес жыл.

54-бап

1. Құрылтай депутаттары жалпыға бірдей, тең және тәте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы сайланады. Құрылтай депутаттарының кезекті сайлауы жұмыс істеп тұрған Құрылтай шақырылымының өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін екі айдан кешіктірілмей өткізіледі.

2. Құрылтай депутаттарының кезектен тыс сайлауы Құрылтайдың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған күннен бастап екі ай ішінде өткізіледі.

3. Жиырма бес жасқа толған, Қазақстан Республикасының азаматтығы бар, оның аумағында соңғы он жыл бойы тұрақты тұрып жатқан адам Құрылтай депутаты бола алады.

4. Құрылтай депутаттарының сайлауы конституциялық заңмен реттеледі.

5. Құрылтай депутаттары Қазақстан халқына ант береді.

55-бап

1. Құрылтай депутаттары оның жұмысына қатысуға міндетті. Құрылтайда депутаттың жеке өзі дауыс береді. Депутат Құрылтай мен оның органдарының отырыстарына дәлелді себепсіз үш реттен артық қатыспаса, сол сияқты дауыс беру құқығын басқаға берсе, бұл заңда белгіленген жазалау шараларын қолдануға алып келеді.

2. Құрылтай депутатының басқа өкілді органның депутаты болуға, оқытушылық, ғылыми, шығармашылық қызметтен басқа ақы төленетін лауазымды атқаруға, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кіруге құқығы жоқ. Осы талаптарды бұзу депутаттың өкілеттігін тоқтатуға алып келеді.

3. Құрылтай депутатын қылмыс орнында немесе ауыр және аса ауыр қылмыс жасағанда ұстау жағдайларын қоспағанда, оны өз өкілеттігі мерзімі ішінде Құрылтайдың келісімінсіз ұстауға, күзетпен ұстауға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалауға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.

4. Құрылтай депутатының өкілеттігі депутат орнынан түскен, қайтыс болған, заңды күшіне енген сот шешімімен әрекетке қабілетсіз, қайтыс болған немесе хабарсыз кеткен деп танылған және Конституция мен конституциялық заңда көзделген өзге де жағдайда тоқтатылады.

Құрылтай депутаты:

1) Қазақстаннан тыс жерге тұрақты тұруға кеткен;

2) өзіне қатысты соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген;

3) Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылған;

4) сайланған саяси партиясынан шыққан немесе шығарылған;

5) сайланған саяси партиясы қызметін тоқтатқан кезде мандатынан айырылады.

Құрылтай депутаттарының өкілеттігі Құрылтай таратылған жағдайда тоқтатылады.

5. Депутаттарға жазалау шараларын қолдануға, олардың осы баптың 2-тармағының талаптарын және депутаттық әдеп қағидаларын сақтауына, сондай-ақ депутаттардың өкілеттігін тоқтатуға, оларды өкілеттігінен және қол сұғылмау кепілдігінен айыруға байланысты мәселелерді дайындау Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясына жүктеледі.

56-бап

Құрылтай:

1) конституциялық заңдарды және заңдарды қабылдайды;

2) Қазақстан Республикасының Президенті қарсылық білдірген заңдарды немесе заң баптарын қарсылық жіберілген күннен бастап бір ай мерзімде қайта талқылап, дауысқа салады. Бұл мерзімнің сақталмауы Президент қарсылығының қабылданғанын білдіреді. Егер Құрылтай конституциялық заңдар немесе конституциялық заң баптары бойынша депутаттардың жалпы санының төрттен үшінің дауысымен, ал заңдар немесе заң баптары бойынша депутаттардың жалпы санының үштен екісінің дауысымен Президенттің қарсылығын еңсерсе, Президент бір ай ішінде конституциялық заңға немесе заңға қол қояды. Егер Президенттің қарсылығы еңсерілмесе, конституциялық заң немесе заң қабылданбады немесе Президент ұсынған редакцияда қабылданды деп саналады;

3) соғыс және бітім мәселелерін шешеді;

4) Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынысы бойынша бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындау үшін Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін қолдану туралы шешім қабылдайды;

5) Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауын жариялайды;

6) жалпыхалықтық референдум тағайындау туралы бастама көтереді;

7) Қазақстан Республикасының Президентіне Құрылтай депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен Қазақстан Республикасының Вице-Президентін тағайындауға келісім береді;

8) Қазақстан Республикасының Президентіне Құрылтай депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен Қазақстан Республикасының Премьер-Министрін тағайындауға келісім береді;

9) Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық Сот судьяларын, Орталық сайлау комиссиясы, Жоғары аудиторлық палата мүшелерін тағайындауына Құрылтай депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен келісім береді;

10) Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуымен Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьяларын сайлайды және лауазымынан босатады, олардың антын қабылдайды;

11) Конституциялық Сот судьяларын, Жоғарғы Сот судьяларын қол сұғылмау кепілдігінен айырады;

12) Құрылтай депутатының өкілеттігін тоқтатады, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының ұсынуымен Құрылтай депутатын қол сұғылмау кепілдігінен айыру мәселесін шешеді;

13) Құрылтай депутаттары жалпы санының кемінде бестен бірінің бастамасы бойынша Құрылтай депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен Үкіметке сенімсіздік вотумын білдіруге құқылы;

14) Конституциялық Соттың Қазақстан Республикасындағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы жыл сайынғы жолдауын тыңдайды;

15) жылына екі рет Жоғары аудиторлық палата Төрағасының есебін тыңдайды;

16) Үкімет пен Жоғары аудиторлық палатаның республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерін талқылайды және бекітеді. Құрылтайдың республикалық бюджеттің атқарылуы туралы Үкімет есебін бекітпеуі Құрылтайдың Үкіметке сенімсіздік вотумын білдіруі деп саналады;

17) Құрылтай депутаттары жалпы санының кемінде үштен бірінің бастамасымен Қазақстан Республикасы Үкіметі мүшелерінің өз қызметі жөніндегі есептерін тыңдауға құқылы. Үкімет мүшесі Қазақстан Республикасының заңдарын орындамаған жағдайда, есепті тыңдау қорытындысы бойынша Құрылтай депутаттары жалпы санының кемінде үштен екісінің дауысымен Қазақстан Республикасының Президентіне оны лауазымынан босату туралы өтініш білдіру жөнінде шешім қабылдауға құқылы. Бұл жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті Үкімет мүшесін лауазымынан босатады;

18) өз құзыретіндегі мәселелер бойынша тыңдау өткізеді;

19) өз қызметінің регламентін қабылдайды және Құрылтайдың жұмысын ұйымдастыруға, ішкі тәртібіне байланысты мәселелер бойынша өзге де шешім қабылдайды;

20) Құрылтайдың үйлестіру органын және жұмыс органдарын құрады;

21) Құрылтай комиссияларын құрады, төрағаларын сайлайды және лауазымынан босатады, комиссиялардың қызметі туралы есепті тыңдайды;

22) Құрылтайға Конституциямен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

57-бап

1. Құрылтайды мемлекеттік тілді жетік меңгерген депутаттар арасынан Құрылтай депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен жасырын дауыс беру арқылы сайланған Төраға басқарады. Құрылтай Төрағасының лауазымына кандиатураны Қазақстан Республикасының Президенті ұсынады.

Құрылтай Төрағасын сайлаудан қайта бас тартқан жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтайды таратуға құқылы.

2. Құрылтай депутаттарының жалпы санының көпшілігі дауыс берген жағдайда Құрылтай Төрағасы лауазымынан кері шақырып алынуы, сондай-ақ орнынан түсуі мүмкін.

3. Құрылтай Төрағасы:

1) Құрылтай отырысын шақырады және оған төрағалық етеді;

2) Құрылтайдың қарауына енгізілетін мәселелерді дайындауға жалпы басшылық етеді;

3) Құрылтай Төрағасының орынбасарларын лауазымға сайлау үшін Құрылтайға кандидатуралар ұсынады;

4) Құрылтайдың қызметінде регламенттің сақталуын қамтамасыз етеді;

5) Құрылтайдың үйлестіру органының қызметіне басшылық етеді;

6) Құрылтай шығаратын актіге қол қояды;

7) өзіне Құрылтай регламентімен жүктелетін басқа да міндеттерді атқарады.

4. Конституцияда өзгеше көзделмесе, Құрылтай Төрағасы Құрылтай сессиясын ашады.

5. Құрылтай Төрағасы өз құзыретіндегі мәселелер бойынша өкім шығарады.

58-бап

1. Құрылтай сессиясы отырыс түрінде өткізіледі.

2. Құрылтайдың бірінші сессиясын Қазақстан Республикасының Президенті сайлау қорытындысы жарияланған күннен бастап отыз күннен кешіктірмей шақырады.

3. Құрылтайдың кезекті сессиясы жылына бір рет, қыркүйектің бірінші жұмыс күні мен маусымның соңғы жұмыс күні аралығында өткізіледі.

4. Сессия Құрылтай отырысында ашылады және жабылады. Құрылтай сессиясын, әдетте, Қазақстан Республикасының Президенті ашады. Құрылтай сессиялары арасындағы кезеңде Қазақстан Республикасының Президенті өз бастамасымен, Құрылтай Төрағасының немесе Құрылтай депутаттары жалпы санының кемінде үштен бірінің ұсынысымен Құрылтайдың кезектен тыс сессиясын шақыра алады. Онда сессияны шақыруға негіз болған мәселелер ғана қаралуы мүмкін.

5. Құрылтай отырысы Құрылтай депутаттары жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда өткізіледі.

6. Құрылтай отырысы ашық түрде өтеді. Регламентте көзделген жағдайда отырыс жабық түрде өткізілуі мүмкін. Қазақстан Республикасы Президентінің, Вице-Президенттің, Премьер-Министрдің және Үкімет мүшелерінің, Қазақстан Халық Кеңесі Төрағасының, Ұлттық Банк Төрағасының, Бас Прокурордың, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының кез келген отырысқа қатысуға және сөз сөйлеуге құқығы бар.

59-бап

1. Құрылтай конституциялық заңда саны айқындалатын тұрақты комитеттер, сондай-ақ комиссиялар құрады.

2. Комитеттер мен комиссиялар өз құзыретіндегі мәселелер бойынша қаулы шығарады.

60-бап

1. Заң шығаруға бастама жасау құқығы Қазақстан Республикасының Президентіне, Құрылтай депутаттарына, Үкіметке, Қазақстан Халық Кеңесіне тиесілі және тек қана Құрылтайда іске асырылады.

2. Қазақстан Республикасының Президенті заң жобаларын қараудың басымдығын айқындауға құқылы, бұл тиісті заң жобалары бірінші кезекте екі ай ішінде қабылдануға тиіс дегенді білдіреді.

3. Құрылтай:

1) жеке және заңды тұлғалардың құқық субъектісі болуына, азаматтық құқықтары мен бостандықтарына, жеке және заңды тұлғалардың міндеттемелері мен жауаптылығына;

2) меншік режиміне және өзге де заттық құқықтарға;

3) мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын ұйымдастырудың және олардың қызметінің, мемлекеттік және әскери қызметтің негіздеріне;

4) салық салуға, алымдар мен басқа да міндетті төлемдерді белгілеуге немесе олардың күшін жоюға;

5) республикалық бюджет, мемлекеттік қарыз, Қазақстан Республикасының экономикалық және өзге де көмек көрсету мәселелеріне;

6) сот құрылысы мен сот ісін жүргізу мәселелеріне;

7) рақымшылық жасау мәселелеріне;

8) білімге, ғылымға, мәдениетке, денсаулық сақтауға және әлеуметтік қамсыздандыруға;

9) кәсіпорындарды және олардың мүлкін жекешелендіруге;

10) қоршаған ортаны қорғауға;

11) Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысына;

12) мемлекет қорғанысы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

13) Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне;

14) халықаралық шарттарды ратификациялауға және денонсациялауға;

15) мемлекеттік наградалар мен құрметті атақтарға;

16) Конституцияға сәйкес өзге де мәселелерге қатысты аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін, негіз құраушы қағидаттар мен нормаларды белгілейтін заң шығаруға құқылы.

4. Халықтың өмірі мен денсаулығына, конституциялық құрылысқа, қоғамдық тәртіптің сақталуына, елдің экономикалық қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайларға жедел ден қою мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі заң шығару бастамасымен енгізген заң жобаларын Құрылтай дереу қарауға тиіс.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген заң жобалары Құрылтайға енгізілген жағдайда Үкімет өзіне жауапкершілік ала отырып, осы баптың 3-тармағында көрсетілген мәселелер бойынша заң күші бар уақытша нормативтік құқықтық акт қабылдауға құқылы. Мұндай акт Құрылтай қабылдаған заң күшіне енгенге дейін немесе Құрылтай заң жобаларын қабылдамай тастағанға дейін қолданыста болады.

5. Құрылтай қабылдаған заң он күн ішінде Қазақстан Республикасының Президентіне қол қоюға ұсынылады.

Құрылтай заң жобасын депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен тұтастай қабылдамай тастауға құқылы. Мұндай жағдайда заң жобасы қабылданбады деп саналады және бастамашыға қайтарылады.

6. Мемлекеттік кірісті қысқартуды немесе мемлекеттік шығыстыұлғайтуды көздейтін заң жобалары Үкіметтің оң қорытындысы болған кезде ғана енгізілуі мүмкін. Қазақстан Республикасы Президентінің заң шығару бастамасымен Құрылтайға енгізілетін заң жобалары үшін мұндай қорытынды талап етілмейді.

7. Үкімет енгізген заң жобасы қабылданбаса, Премьер-Министр Құрылтай отырысында Үкіметке сенім білдіру мәселесін қоюға құқылы. Бұл мәселе сенім білдіру мәселесі қойылғаннан бастап қырық сегіз сағаттан кейін ғана дауысқа салынады. Егер сенімсіздік вотумы туралы ұсыныс Құрылтай депутаттары жалпы санының көпшілік дауысын алмаса, заң жобасы дауысқа салынбай қабылданды деп саналады. Алайда Үкімет бұл құқықты жылына екі реттен артық пайдалана алмайды.

61-бап

1. Құрылтай Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші бар заң және қаулы қабылдайды.

2. Заң Қазақстан Республикасының Президенті қол қойғаннан кейін күшіне енеді.

3. Конституциялық заң Қазақстан Республикасының Конституциясында көзделген мәселелер бойынша Құрылтай депутаттары жалпы санының кемінде үштен екісінің дауысымен қабылданады.

4. Конституцияда өзгеше көзделмесе, Құрылтай депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен заңды қабылдайды.

Конституцияда өзгеше көзделмесе, Құрылтай қаулысы депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады.

5. Заңдар, Құрылтай қаулылары Конституцияға қайшы келмеуге тиіс. Құрылтай қаулылары заңдарға қайшы келмеуге тиіс.

6. Қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерін әзірлеу, ұсыну, талқылау, қолданысқа енгізу және жариялау тәртібі заңмен және Құрылтай регламентімен реттеледі.

62-бап

1. Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтай Төрағасымен және Премьер-Министрмен консультациядан кейін Құрылтайды таратуға құқылы.

2. Құрылтай келісімімен тағайындалатын лауазымға Президент ұсынған кандидатураны тағайындауға келісім беруден қайта бас тартылған, сондай-ақ Құрылтай Төрағасын сайлаудан қайта бас тартылған жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтайды таратуға құқылы.

3. Құрылтайды төтенше жағдай немесе соғыс жағдайы кезінде, Президент өкілеттігінің соңғы алты айында, сондай-ақ алдыңғы таратудан кейінгі бір жыл ішінде немесе Конституцияның 51-бабының 3-тармағында белгіленген жағдайда таратуға болмайды.

V бөлім
Үкімет

63-бап

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының атқарушы билігін жүзеге асырады, атқарушы органдар жүйесін басқарады және олардың қызметіне басшылық етеді.

2. Үкімет – алқалы орган, ол өз қызметінде Қазақстан Республикасының Президенті мен Құрылтай алдында жауапты.

3. Үкімет мүшелері Конституцияның 56-бабының 17) тармақшасында көзделген жағдайда Құрылтайға есеп береді.

4. Үкіметтің құзыреті, ұйымдастырылу және қызмет тәртібі конституциялық заңда айқындалады.

64-бап

1. Үкіметті Қазақстан Республикасының Президенті Конституцияда көзделген тәртіппен құрады.

2. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Қазақстан Республикасының Президентіне Премьер-Министр тағайындалғаннан кейін он күн ішінде Үкіметтің құрылымы мен құрамы туралы ұсыныс енгізеді.

3. Үкімет мүшелері Қазақстан Республикасының халқы мен Президентіне ант береді.

65-бап

Үкімет:

1) мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, қорғаныс қабілетінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету ісінің негізгі бағыттарын әзірлейді және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады;

(Жалғасы 4-бетте)

(Соңы. Басы 2-3-беттерде)

2) Құрылтайға республикалық бюджетті және оның атқарылуы туралы есепті ұсынады, бюджеттің атқарылуын қамтамасыз етеді;

3) Құрылтайға заң жобаларын енгізеді және заңдардың орындалуын қамтамасыз етеді;

4) мемлекеттік меншікті басқаруды ұйымдастырады;

5) Қазақстан Республикасының сыртқы саясатын жүргізу шараларын әзірлейді;

6) министрліктердің, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметіне басшылық етеді;

7) Қазақстан Республикасының министрліктері, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдары актілерінің толық немесе бір бөлігінде күшін жояды не қолданысын тоқтата тұрады;

8) мемлекеттік бюджет есебінен қамтылатын барлық орган үшін қаржыландырудың және қызметкерлерге еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесін Қазақстан Республикасы Президентінің келісімімен бекітеді;

9) өзіне Конституциямен, заңдармен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

66-бап

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі:

1) Үкімет қызметін ұйымдастырады және басқарады, оның жұмысы үшін дербес жауап береді;

2) Үкімет қаулысына қол қояды;

3) Үкімет қызметінің негізгі бағыттары жөнінде және оның барлық аса маңызды шешімдері туралы Президент пен Құрылтайға баяндайды;

4) Үкімет қызметін ұйымдастыруға және басқаруға байланысты басқа да функцияларды орындайды.

67-бап

1. Үкімет мүшелері өз құзыреті шегінде дербес шешім қабылдайды және өзіне бағынысты мемлекеттік органдардың жұмысы үшін Премьер-Министр алдында дербес жауап береді. Үкімет жүргізіп отырған саясатпен келіспейтін немесе оны іске асырмайтын Үкімет мүшесі орнынан түсуге өтініш береді не лауазымынан босатылуға тиіс.

2. Үкімет мүшелерінің өкілді органның депутаты болуға, оқытушылық, ғылыми, шығармашылық қызметтен басқа ақы төленетін лауазымды атқаруға, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзінің лауазымдық міндеті болатын жағдайларды қоспағанда, коммерциялық ұйымның басқарушы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кіруге құқығы жоқ.

68-бап

1. Үкімет өз құзыретіндегі мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші бар қаулы шығарады.

2. Премьер-Министр Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші бар өкім шығарады.

3. Үкімет қаулылары мен Премьер-Министрдің өкімдері Конституцияға, заңдарға, Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне қайшы келмеуге тиіс.

69-бап

1. Үкімет жаңадан сайланған Құрылтай алдында өз өкілеттігін доғарады.

2. Үкімет және оның кез келген мүшесі өздеріне жүктелген функцияларды одан әрі орындау мүмкін емес деп есептесе, Қазақстан Республикасының Президентіне орнынан түсу туралы мәлімдеме беруге құқылы.

3. Құрылтай Үкіметке сенімсіздік вотумын білдірген жағдайда Үкімет Қазақстан Республикасының Президентіне орнынан түсу туралы мәлімдейді.

4. Орнынан түсуді қабылдау немесе қабылдамау туралы мәселені Қазақстан Республикасының Президенті он күн ішінде қарайды.

5. Орнынан түсуді қабылдау Үкіметтің не оның тиісті мүшесінің өкілеттігі тоқтатылғанын білдіреді. Премьер-Министрдің орнынан түсуін қабылдау бүкіл Үкіметтің өкілеттігі тоқтатылғанын білдіреді.

6. Үкіметтің немесе оның мүшесінің орнынан түсуі қабылданбаған жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті оған міндеттерін одан әрі атқаруды тапсырады.

7. Қазақстан Республикасының Президенті өз бастамасымен Үкіметтің өкілеттігін тоқтату туралы шешім қабылдауға және оның кез келген мүшесін лауазымынан босатуға құқылы. Премьер-Министрді лауазымынан босату бүкіл Үкіметтің өкілеттігі тоқтатылғанын білдіреді.

VI бөлім
Қазақстан Халық Кеңесі

70-бап

1. Қазақстан Халық Кеңесі – Қазақстан Республикасы халқының мүддесін білдіретін жоғары консультативтік орган.

2. Қазақстан Халық Кеңесі Қазақстан Республикасының азаматтарынан құралады.

3. Қазақстан Халық Кеңесін құру, оның құрамын қалыптастыру тәртібі, өкілеттігі және қызметінің ұйымдастырылуы конституциялық заңда айқындалады.

71-бап

Қазақстан Халық Кеңесі:

1) мемлекеттің ішкі саясатының негізгі бағыттары, қоғамдық келісімді, жалпыұлттық бірлік пен ынтымақты нығайту, Қазақстан Республикасы қызметінің негіз құраушы қағидаттарын және жалпыұлттық құндылықтарды ілгерілету жөнінде ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлейді;

2) Құрылтайға заң жобаларын енгізеді;

3) жалпыхалықтық референдум тағайындау туралы бастама көтереді;

4) конституциялық заңға сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

VII бөлім
Конституциялық Сот

72-бап

1. Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты – конституциялық бақылауды жүзеге асыратын және бүкіл ел аумағында Қазақстан Республикасы Конституциясының үстемдігін қамтамасыз ететін тәуелсіз мемлекеттік орган.

2. Конституциялық Сот Төраға мен он судьядан тұрады. Олардың өкілеттік мерзімі – сегіз жыл.

Конституцияға сәйкес бір адам бір реттен артық Конституциялық Сот судьясы болып тағайындалмайды.

3. Конституциялық Сот Төрағасын Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды және ол өкілеттік мерзімі ішінде Конституциялық Сот судьясы да болады.

Конституцияға сәйкес бір адам бір реттен артық Конституциялық Сот Төрағасы болып тағайындалмайды.

4. Конституциялық Сот судьяларын депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен берілген Құрылтай келісімімен Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.

Конституциялық Сот Төрағасының орынбасарын Конституциялық Сот Төрағасының ұсынуымен Конституциялық Сот судьялары арасынан Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.

5. Конституциялық Сот судьясының депутат мандатын қатар алып жүруіне, оқытушылық, ғылыми, шығармашылық қызметтен басқа ақы төленетін лауазымды атқаруына, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруына, сондай-ақ коммерциялық ұйымның басқарушы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кіруіне болмайды.

6. Конституциялық Сот Төрағасы мен судьяларын қылмыс орнында немесе ауыр және аса ауыр қылмыс жасағанда ұстау жағдайларын қоспағанда, оларды өз өкілеттігі мерзімі ішінде тиісінше Қазақстан Республикасы Президентінің не Құрылтайдың келісімінсіз ұстауға, күзетпен ұстауға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалауға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.

7. Конституциялық Соттың ұйымдастырылуы және қызметі конституциялық заңмен реттеледі.

73-бап

1. Конституциялық Сот Қазақстан Республикасы Президентінің, Құрылтай Төрағасының, Құрылтай депутаттарының жалпы санының кемінде бестен бірінің,

Премьер-Министрдің өтініші бойынша:

1) дау туындаған жағдайда Президенттің, Құрылтай депутаттарының сайлауын және жалпыхалықтық референдумды өткізудің дұрыстығы мәселесін шешеді;

2) Президент қол қойғанға дейін Құрылтай қабылдаған заңдардың Конституцияға сәйкестігін қарайды;

3) Құрылтай қабылдаған қаулылардың Конституцияға сәйкестігін қарайды;

4) халықаралық шарттарды ратификациялағанға дейін олардың Конституцияға сәйкестігін қарайды;

5) халықаралық ұйымдар мен олардың органдары шешімдерінің орындалуының Конституцияға сәйкестігін қарайды;

6) Конституция нормаларына ресми түсіндірме береді;

7) Конституцияның 50-бабының 2 және 3-тармақтарында белгіленген жағдайларда қорытынды береді.

2. Конституциялық Сот Конституцияның 46-бабының 11) тармақшасында көзделген жағдайда – Президенттің өтінішін, сондай-ақ Конституцияның 79-бабында белгіленген жағдайда соттың өтінішін қарайды.

3. Конституциялық Сот Қазақстан Республикасы азаматтарының Конституцияда көзделген құқықтары мен бостандықтарына тікелей қатысты Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Конституцияға сәйкестігін олардың өтініштері бойынша қарайды.

Қазақстан Республикасы азаматтарының Конституциялық Сотқа жүгіну тәртібі мен шарттары конституциялық заңда айқындалады.

4. Конституциялық Сот осы баптың 1-тармағының 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген мәселелерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Конституцияға сәйкестігін Бас Прокурордың өтініші бойынша қарайды.

5. Конституциялық Сот адамның және азаматтың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарына қатысты Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Конституцияға сәйкестігін Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің өтініші бойынша қарайды.

6. Конституциялық Сот Конституцияның 50-бабының 1-тармағында және 51-бабының 1-тармағында белгіленген жағдайларда қорытынды береді.

74-бап

1. Конституцияның 73-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген мәселелер бойынша Конституциялық Сотқа өтініш берілген жағдайда тиісінше Қазақстан Республикасы Президентінің қызметіне кірісуі, Құрылтайдың сайланған депутаттарын тіркеу, жалпыхалықтық референдум қорытындысын шығару тоқтатыла тұрады.

2. Конституцияның 73-бабы 1-тармағының 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша Конституциялық Сотқа өтініш берілген жағдайда тиісті актілерге қол қою не оларды ратификациялау мерзімінің өтуі тоқтатыла тұрады.

3. Конституциялық Сот өз шешімін конституциялық заңда белгіленген мерзімде шығарады.

75-бап

1. Конституцияға сәйкес келмейді деп танылған заңдар мен халықаралық шарттарға қол қойылмайды не ратификацияланбайды және олар қолданысқа енгізілмейді.

2. Конституцияға сәйкес келмейді деп танылған, оның ішінде адамның және азаматтың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп танылған заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілер, олардың жекелеген ережелері Конституциялық Сот шешім қабылдаған күннен немесе ол белгілеген күннен бастап қолданысын тоқтатады және қолданылмауға тиіс.

Конституциялық Сот берген түсіндірмеде Конституцияға сәйкес келеді деп танылған заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілер, олардың жекелеген ережелері осы түсіндірмедегідей қолданылуға тиіс.

3. Конституциялық Сот орындалуы Конституцияға сәйкес келмейді деп танылған халықаралық ұйымдар мен олардың органдарының шешімдері, оның ішінде жекелеген ережелері орындалмауға тиіс.

4. Конституциялық Сот шешімдері қабылданған күнінен бастап күшіне енеді, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті, түпкілікті болады және оларға шағым жасалмайды.

VIII бөлім
Сот төрелігі. Прокуратура. Құқық қорғау тетіктері

76-бап

1. Қазақстан Республикасында сот төрелігін сот қана жүзеге асырады.

2. Сот билігі сот ісін жүргізудің заңда белгіленген азаматтық, әкімшілік, қылмыстық және өзге де нысандары арқылы жүзеге асырылады. Заңда көзделген жағдайда қылмыстық сот ісін жүргізу алқабилердің қатысуымен өтеді.

3. Қазақстан Республикасының соттары – Жоғарғы Сот, заңмен құрылған жергілікті және басқа да соттар.

4. Қазақстан Республикасының сот жүйесі Конституцияда және конституциялық заңда белгіленеді. Қандай да бір атаумен арнаулы және төтенше соттарды құруға жол берілмейді.

77-бап

1. Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады, ол адамның, азаматтың, ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауды, сондай-ақ Конституцияның, заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының орындалуын мақсат етеді.

2. Сот билігі Конституцияның, заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының нормаларын қолдануға байланысты туындайтын барлық істер мен дауларға қолданылады.

3. Сот шешімінің, үкімі мен өзге де қаулысының Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші бар.

78-бап

1. Судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз болады және Конституция мен заңға ғана бағынады.

2. Сот төрелігін іске асырған кезде соттың қызметіне мүлдем араласуға болмайды және бұл заң бойынша жауаптылыққа алып келеді. Судьялар нақты істер бойынша есеп бермейді.

3. Судья сот төрелігін іске асыру кезінде мына қағидаттарды басшылыққа алуға тиіс:

1) ешкімнің өзіне заңда көзделген соттылығын оның келісімінсіз өзгертуге болмайды;

2) сотта әр адамның өз сөзін тыңдатуға құқығы бар;

3) айыпталушы өзінің кінәсіз екенін дәлелдеуге міндетті емес;

4) адамның кінәлі екеніне қатысты кез келген күмән айыпталушының пайдасына қарастырылады;

5) заңсыз жолмен алынған дәлелдемелердің заңды күші жоқ. Ешкімді өзінің жеке мойындауы негізінде ғана соттауға болмайды;

6) қылмыстық заңды ұқсастығына қарай қолдануға жол берілмейді.

4. Конституцияда белгіленген сот төрелігі қағидаттары Қазақстан Республикасының барлық соттары мен судьяларына ортақ және бірыңғай.

79-бап

Соттардың адам мен азаматтың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін заңдарды және өзге де нормативтік құқықтық актілерді қолдануға құқығы жоқ.

Егер сот қолданылуға тиіс заң немесе өзге де нормативтік құқықтық акт адамның және азаматтың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп тапса, ол іс жүргізуді тоқтата тұруға және осы актіні конституциялық емес деп тану туралы ұсынумен Конституциялық Сотқа жүгінуге міндетті.

80-бап

1. Соттар тұрақты судьялардан тұрады, олардың тәуелсіздігі Конституциямен және заңмен қорғалады. Судьяның өкілеттігі тек қана заңда белгіленген негіздермен тоқтатылуы немесе тоқтатыла тұруы мүмкін.

2. Судьяны қылмыс орнында немесе ауыр және аса ауыр қылмыс жасағанда ұстау жағдайларын қоспағанда, тиісінше Жоғары Сот Кеңесінің қорытындысына негізделген Қазақстан Республикасы Президентінің келісімінсіз не Құрылтайдың келісімінсіз оны ұстауға, күзетпен ұстауға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалауға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.

3. Қазақстан Республикасы соттарының судьяларына қойылатын талаптар конституциялық заңда айқындалады.

4. Судьяның депутат мандатын қатар алып жүруіне, оқытушылық, ғылыми, шығармашылық қызметтен басқа ақы төленетін лауазымды атқаруына, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруына, коммерциялық ұйымның басқарушы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кіруіне болмайды.

81-бап

Соттарды қаржыландыру, судьяларды тұрғын үймен қамтамасыз ету республикалық бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі және сот төрелігін толық әрі тәуелсіз жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

82-бап

Жоғарғы Сот – жергілікті және басқа да соттардың қарауына жататын азаматтық, әкімшілік, қылмыстық және өзге де істер бойынша жоғары сот органы, ол заңда көзделген жағдайда өзінің қарауына жататын сот істерін қарайды және сот практикасы мәселелері бойынша түсіндіру береді.

83-бап

1. Жоғарғы Сот Төрағасын Қазақстан Республикасының Президенті Жоғары Сот Кеңесінің ұсынымымен тағайындайды және ол өз өкілеттігі мерзімі ішінде Жоғарғы Сот судьясы да болады. Жоғарғы Сот Төрағасының өкілеттік мерзімі – алты жыл.

Конституцияға сәйкес бір адам бір реттен артық Жоғарғы Сот Төрағасы болып тағайындалмайды.

Жоғарғы Сот судьяларын Құрылтай Жоғары Сот Кеңесінің ұсынымы негізінде Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуымен сайлайды.

2. Жергілікті және басқа да сот судьяларын Қазақстан Республикасының Президенті Жоғары Сот Кеңесінің ұсынымымен тағайындайды.

3. Соттарда конституциялық заңға сәйкес сот алқалары құрылуы мүмкін.

4. Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасын Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.

5. Жоғары Сот Кеңесінің мәртебесі, құрамын қалыптастыру тәртібі және жұмысын ұйымдастыру заңда айқындалады.

84-бап

1. Прокуратура мемлекет атынан Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалауды заңда белгіленген шекте және нысанда жүзеге асырады, сотта мемлекет мүддесін білдіреді және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасының прокуратурасы орталықтандырылған бірыңғай жүйені құрайды, төмен тұрған прокурорлар жоғары тұрған прокурорларға және Бас Прокурорға бағынады. Ол өз өкілеттігін басқа мемлекеттік органдардан, лауазымды адамдардан тәуелсіз жүзеге асырады және Қазақстан Республикасының Президентіне ғана есеп береді.

3. Бас Прокуроры Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды. Бас Прокурордың өкілеттік мерзімі – алты жыл.

Конституцияға сәйкес бір адам бір реттен артық Бас Прокурор болып тағайындалмайды.

4. Бас Прокуроры қылмыс орнында немесе ауыр және аса ауыр қылмыс жасағанда ұстау жағдайларын қоспағанда, оны өз өкілеттігі мерзімі ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің келісімінсіз ұстауға, күзетпен ұстауға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалауға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.

5. Прокуратураның құзыреті, қызметінің ұйымдастырылуы мен тәртібі конституциялық заңда айқындалады.

85-бап

1. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруге жәрдемдеседі, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын ілгерілетуге ықпал етеді.

2. Адам құқықтары жөніндегі уәкілді Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.

3. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде тәуелсіз болады және мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға есеп бермейді.

4. Адам құқықтары жөніндегі уәкілді қылмыс орнында немесе ауыр және аса ауыр қылмыс жасағанда ұстау жағдайларын қоспағанда, оны өз өкілеттігі мерзімі ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің келісімінсіз ұстауға, күзетпен ұстауға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалауға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.

5. Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің құқықтық жағдайы мен қызметін ұйымдастыру конституциялық заңда айқындалады.

86-бап

1. Қазақстан Республикасындағы адвокатура адамның мемлекет кепілдік берген сот арқылы қорғалу құқығын және заң көмегін алу құқығын іске асыруға жәрдемдеседі. Заң көмегін адвокаттар мен өзге тұлғалар заңға сәйкес көрсетеді.

2. Адвокат қызметін жүзеге асыру тәртібі, адвокат құқықтары, міндеттері мен жауаптылығы заңда айқындалады.

IX бөлім
Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару

87-бап

Жергілікті мемлекеттік басқаруды тиісті аумақтағы ахуалдың жай-күйіне жауапты жергілікті өкілді және атқарушы органдар жүзеге асырады.

88-бап

1. Жергілікті өкілді органдар – мәслихаттар тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік халқының ерік-мүддесін білдіреді және жалпымемлекеттік мүдделерді ескере отырып, оны іске асыруға қажетті шараларды айқындайды, олардың жүзеге асырылуын бақылайды.

2. Мәслихаттарды халық жалпыға бірдей, тең, төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы бес жыл мерзімге сайлайды.

3. Қазақстан Республикасының жиырма жасқа толған азаматы мәслихат депутаты болып сайлана алады. Қазақстан Республикасының азаматы бір ғана мәслихаттың депутаты бола алады.

4. Мәслихаттардың қарауына:

1) аумақты дамытудың жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджетті және олардың атқарылуы туралы есептерді бекіту;

2) өз қарауына жатқызылған жергілікті әкімшілік-аумақтық құрылыс мәселелерін шешу;

3) заңмен мәслихат құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша жергілікті атқарушы орган басшыларының есебін қарау;

4) мәслихаттың тұрақты комиссияларын және өзге де жұмыс органдарын құру, олардың қызметі туралы есепті тыңдау, мәслихат жұмысын ұйымдастыруға байланысты өзге де мәселелерді шешу;

5) заңға сәйкес Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.

5. Мәслихаттың өкілеттігін Қазақстан Республикасының Президенті Премьер-Министрмен және Құрылтай Төрағасымен консультациядан кейін мерзімінен бұрын тоқтатады, сондай-ақ оның өкілеттігі мәслихат өзін-өзі тарату туралы шешім қабылдаған жағдайда мерзімінен бұрын тоқтатылады.

6. Мәслихаттардың құзыреті, ұйымдастырылу және қызмет тәртібі, депутаттардың құқықтық жағдайы заңда белгіленеді.

89-бап

1. Жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасы атқарушы органдарының біртұтас жүйесіне кіреді, атқарушы биліктің жалпымемлекеттік саясатын тиісті аумақты дамыту мүддесімен және қажеттілігімен үйлестіре жүргізуді қамтамасыз етеді.

2. Жергілікті атқарушы органдардың қарауына:

1) аумақты дамытудың жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджетті әзірлеу мен олардың атқарылуын қамтамасыз ету;

2) коммуналдық меншікті басқару;

3) жергілікті атқарушы орган басшыларын тағайындау және лауазымынан босату, жергілікті атқарушы органдардың жұмысын ұйымдастыруға байланысты өзге де мәселелерді шешу;

4) жергілікті атқарушы органдарға заңмен жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде жүзеге асыру жатады.

3. Жергілікті атқарушы органды тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің әкімі басқарады, ол Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің өкілі болып табылады.

4. Астана, облыс, республикалық маңызы бар қала әкімдерін Қазақстан Республикасының Президенті тиісінше астана мәслихаты, облыс аумағындағы мәслихаттар, республикалық маңызы бар қала мәслихаты депутаттарының келісімімен тағайындайды.

Қазақстан Республикасының Президенті кемінде екі кандидатураны ұсынады, олар дауысқа салынады. Дауыс беруге қатысқан мәслихат депутаттарының көпшілік дауысын алған кандидат келісім алды деп саналады.

Өзге әкімшілік-аумақтық бірлік әкімдері заңда айқындалатын тәртіппен тағайындалады немесе сайланады, сондай-ақ лауазымынан босатылады. Қазақстан Республикасының Президенті өз ұйғаруымен астана, облыс, республикалық маңызы бар қала әкімдерін лауазымынан босатуға құқылы.

5. Мәслихат депутаттарының жалпы санының кемінде бестен бірінің бастамасымен әкімге сенімсіздік вотумын білдіру мәселесі қойылуы мүмкін. Бұл жағдайда мәслихат өз депутаттарының жалпы санының көпшілік даусымен әкімге сенімсіздік білдіруге және оны лауазымынан босату мәселесін тиісінше астана, облыс, республикалық маңызы бар қала әкімдеріне қатысты – Қазақстан Республикасы Президентінің алдына не өзге де әкімшілік-аумақтық бірлік әкімдеріне қатысты – жоғары тұрған әкімнің алдына қоюға құқылы. Астана, облыс, республикалық маңызы бар қала әкімдерінің өкілеттігі жаңадан сайланған Қазақстан Республикасының Президенті өз қызметіне кіріскен кезде тоқтатылады.

6. Жергілікті атқарушы органдардың құзыреті, ұйымдастырылу және қызмет тәртібі заңда белгіленеді.

90-бап

1. Мәслихаттар өз құзыретіндегі мәселелер бойынша – шешім, ал әкімдер шешім мен өкім қабылдайды, бұлар тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында орындалуға міндетті.

2. Жергілікті бюджет кірісін қысқартуды немесе жергілікті бюджет шығысын ұлғайтуды көздейтін мәслихат шешімінің жобалары әкімнің оң қорытындысы болған кезде ғана қарауға енгізілуі мүмкін.

3. Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасына сәйкес келмейтін мәслихат шешімінің күші сот тәртібімен жойылуы мүмкін.

4. Әкімдердің шешімдері мен өкімдерінің күшін тиісінше Қазақстан Республикасының Үкіметі не жоғары тұрған әкім жоя алады, олардың күші сот тәртібімен де жойылуы мүмкін.

91-бап

1. Қазақстан Республикасында жергілікті маңызы бар мәселелерді тұрғын халықтың өзі шешуін қамтамасыз ететін жергілікті өзін-өзі басқару танылады.

2. Жергілікті өзін-өзі басқаруды халық тікелей жүзеге асырады, сондай-ақ ол мәслихаттар арқылы және тұрғын саны шағын аумақтарды қамтитын жергілікті қоғамдастықтарда өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы жүзеге асырылады.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына заңға сәйкес мемлекеттік функциялар берілуі мүмкін.

3. Қазақстанда жергілікті өзін-өзі басқаруды ұйымдастыру және оның қызметі заңмен реттеледі.

4. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының дербестігіне заңда белгіленген өкілеттігі шегінде кепілдік беріледі.

X бөлім
Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу

92-бап

1. Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының Президенті өз бастамасы бойынша, Құрылтайдың, Үкіметтің, Қазақстан Халық Кеңесінің бастамасы бойынша қабылдаған шешіммен өткізілетін жалпыхалықтық референдумда енгізіледі.

2. Жалпыхалықтық референдумға қатысуға құқығы бар Қазақстан Республикасы азаматтарының жартысынан астамы дауыс беруге қатысса, жалпыхалықтық референдум өткізілді деп саналады.

3. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың кемінде үштен екісінде дауыс беруге қатысқан Қазақстан Республикасы азаматтарының жартысынан астамы жалпыхалықтық референдумға шығарылған Конституцияға өзгерістер мен толықтыруларды жақтап дауыс берсе, олар қабылданды деп саналады.

93-бап

Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулардың Конституцияның 2-бабы 7-тармағының және 43-бабы 5-тармағының талаптарына сәйкестігі туралы Конституциялық Сот қорытындысы болған жағдайда олар жалпыхалықтық референдумға шығарылады.

XI бөлім
Қорытынды және өтпелі ережелер

94-бап

1. Республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы 2026 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енеді, бұған дейін қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясының қолданысы сол мезгілден бастап тоқтатылады.

2. Республикалық референдумда Конституция қабылданған күн мемлекеттік мереке – Қазақстан Республикасының Конституциясы күні деп жарияланады.

95-бап

1. 1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес қалыптастырылған Қазақстан Республикасының Парламенті өз өкілеттігін 2026 жылғы 1 шілдеден бастап тоқтатады.

Конституция күшіне енген күннен бастап бір ай ішінде Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтай сайлауын жариялауға тиіс және ол екі ай ішінде өткізілуге тиіс.

2. Бірінші шақырылған Құрылтайдың бірінші сессиясы ашылған күннен бастап екі ай ішінде Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтайдың келісімімен Вице-Президентті тағайындауға тиіс.

3. Конституциялық Сот Төрағасы мен судьялары бірінші шақырылған Құрылтайдың бірінші сессиясы ашылған күннен бастап екі ай ішінде тағайындалуға тиіс.

1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес тағайындалған Конституциялық Сот Төрағасы мен судьялары Конституциялық Соттың жаңа құрамы қалыптастырылғанға дейін өз өкілеттігін сақтайды.

4. Орталық сайлау комиссиясының, Жоғары аудиторлық палатаның төрағалары мен мүшелері бірінші шақырылған Құрылтайдың бірінші сессиясы ашылған күннен бастап екі ай ішінде тағайындалуға тиіс.

1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес тағайындалған Орталық сайлау комиссиясының, Жоғары аудиторлық палатаның төрағалары мен мүшелері Орталық сайлау комиссиясының және Жоғары аудиторлық палатаның жаңа құрамы қалыптастырылғанға дейін өз өкілеттігін сақтайды.

5. Жоғарғы Сот Төрағасы, Ұлттық Банк Төрағасы, Бас Прокурор, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы, Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасы, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Конституция күшіне енген күннен бастап екі ай ішінде тағайындалуға тиіс.

6. 1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес сайланған (тағайындалған) Жоғарғы Соттың, жергілікті және басқа да соттың судьялары, мәслихат депутаттары, өзге де лауазымды адамдар өз өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында көзделген негіздер бойынша өкілеттігі тоқтатылғанға дейін сақтайды.

96-бап

1. Конституция күшіне енген күні қолданыста болатын Қазақстан Республикасының заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілері Конституцияға қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.

2. Үкімет, орталық және жергілікті мемлекеттік органдар нормативтік құқықтық актілерді Конституцияға сәйкес келтіру жөнінде қажетті шаралар қабылдайды.

3. Конституция күшіне енген күні қолданыста болатын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қабылданған Конституциялық Кеңестің және Конституциялық Соттың нормативтік қаулылары Конституцияға қайшы келмейтін бөлігінде заңды күшін сақтайды.

АҚОРДА



«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» БАСШЫСЫ ЕСЕП БЕРДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басқарма төрағасы Асхат Хасеновті қабылдады. Президентке ұлттық компанияның 2025 жылы атқарған жұмысы мен биылғы міндеттері жөнінде мәлімет берілді.

Асхат Хасеновтің айтуынша, былтыр Қытайдың CNOOC және Sinopec компанияларымен Атырау облысындағы Жылыой және Батыс Қазақстан облысындағы Березовский жобалары бойынша жер қойнауын пайдалану келісімшарттары жасалды. Turkish Petroleum Corporation, BP, Хорват көмірсутегі агенттігі секілді ірі халықаралық кәсіпорындар еліміздегі перспективті учаскелерді зерттеуде.

Президентке «ҚазМұнайГаз» компаниясы бұған дейін кең көлемде зерттелмеген және жіті көңіл бөлінбеген аумақтарда геологиялық барлау жүргізуге ерекше ден қойғаны жөнінде баяндалды. 2025 жылы 8 іздеу ұңғымасын бұрғылау аяқталды, ал 2029 жылға дейін тағы 24 іздеу ұңғымасын бұрғылау жоспарланған. Жалпы инвестиция көлемі 900 миллион доллардан асады.

Мемлекет басшысына ұсынылған есепке сәйкес, 2025 жылдың қорытындысы бойынша мұнай мен конденсат өндіру көлемі 26,2 миллион тоннаға жетті. Бұл – 2024 жылмен салыстырғанда 10 пайызға жоғары. Бұдан бөлек, көгілдір отын өндіру көлемін жылына қосымша 2,3 миллиард текше метрге ұлғайту үшін Батыс Прорва, Орталық Өріктау және Рожков кен орындарында жұмыс жүргізіліп жатыр.

Былтыр «ҚазМұнайГаздың» үш мұнай өңдеу зауытында 17,5 миллион тонна шикізат өңделді. Жеңіл мұнай өнімдерін шығару көлемі 13,6 миллион тоннаны құрады (2024 жылғы көрсеткіштен 1,2 миллион тоннаға артық). Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев мұнайгаз химиясы мен газ өңдеу саласындағы жалпы құны 15 миллиард доллардан асатын ірі инвестициялық жобаларды іске асыру барысымен танысты. Маңғыстау облысында қуаты тәулігіне 50 мың текше метр болатын «Кендірлі» теңіз суын тұшыту зауыты пайдалануға берілді.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы геологиялық барлау жұмыстарын жандандыруға және ірі инвестициялық жобаларды уақытылы іске асыруға қатысты міндет жүктеді.

ҮКІМЕТ

200 ЖОБА ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің бірінші орынбасары Роман Склярдың төрағалығымен 2025 жылдың қорытындысы бойынша Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің алқа отырысы өтті. Жиынға Қазақстан Республикасы Президенті әкімшілігінің, Үкімет аппаратының, мемлекеттік органдардың, өңірлер әкімдіктерінің, ұлттық компаниялардың өкілдері, сондай-ақ Қоғамдық кеңес мүшелері мен ведомствоға қарасты ұйымдардың өкілдері қатысты.

Отырыс барысында министрліктің 2025 жылғы қызметінің қорытындылары және алдағы кезеңге арналған жоспарлары қаралды.

ӨҢДЕУ ӨНЕРКӘСІБІНДЕГІ ӨСІМ

Өнеркәсіп және құрылыс министрінің мәліметінше, 2025 жылдың қорытындысы бойынша өңдеу өнеркәсібіндегі өндіріс көлемінің өсімі 6,4%-ға жетті. Оң динамика металлургия (1,2%-ға), машина жасау (12,9%-ға), химия өнеркәсібі (9,8%-ға), құрылыс материалдары өндірісі (9,7%-ға), резеңке және пластмасса бұйымдары өндірісі (7,6%-ға) және басқа да салалардағы өсім есебінен қамтамасыз етілді. Жалпы сомасы шамамен 1,5 трлн теңгені құрайтын 190 жоба пайдалануға беріліп, 22 мыңнан астам тұрақты жұмыс орны құрылды. Қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімі іске қосылып, жүйеде 800-ден астам компания тіркелді. Үш жаңа арнайы экономикалық аймақ («Ақтөбе», «Атырау» және «Қорқыт ата» АЭА) құрылып, ірі жобалар бойынша 13 инвестициялық келісімге қол қойылды.

ҚҰРЫЛЫСТАҒЫ РЕКОРДТЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

Ерсайын Нағаспаев атап өткендей, құрылыс саласында да оң нәтижелерге қол жеткізілді. Жоспарланған 19,2 млн шаршы метрдің орнына 20,1 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді, бұл 185 мыңнан астам тұрғын үйді құрайды (НКИ – 105,1%). Бұл көрсеткіш алдыңғы кезең деңгейінен асып, жаңа рекорд орнатылды. Сондай-ақ саланың тұрақты дамуына негіз болатын жаңа Құрылыс кодексі қабылданды.

САЛАНЫ ЦИФРЛАНДЫРУ

Ерсайын Нағаспаевтың айтуынша, қазіргі уақытта Қазақстанда Жер қойнауын пайдаланудың бірыңғай платформасы жұмыс істейді. Онда 22 мемлекеттік қызмет қолжетімді, электрондық аукциондар және қол қою бонусын онлайн төлеу жүйесі іске асырылған. Жалпы 700-ден астам лицензия берілген. Шамамен 4,6 млн геологиялық есеп цифрландырылды. 2025 жылдың соңында құрылыс мониторингіне компьютерлік көру және жасанды интеллект енгізу бойынша пилоттық жоба іске асырылды. Жүйе бас жоспарлар мен егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын автоматты түрде салыстырып, құрылыс басталғанға дейін сәйкессіздіктерді анықтайды.

2026 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

Жиын барысында құзырлы министрлік өкілдері ведомсто қызметінің негізгі бағыттары бойынша алдағы кезеңге арналған жоспарларды жан-жақты таныстырды. 2026-2027 жылдары құрылыс саласында цифрлық реформа іске асады. Цифрлық трансформация құрылыс үдерісінің барлық кезеңін – жобалаудан бастап «ақылды» пайдалануға дейін қамтиды. ТКШ саласында азаматтарға қызмет көрсетудің бірыңғай цифрлық моделіне көшу жүзеге асырылады. Smart Turmys платформасында 2026 жылы халыққа арналған электрондық коммуналдық қызметтер іске қосылады. 2026-2028 жылдары коммуналдық ресурстарды есептегіш құралдарды жаппай орнату және есепке алу жүзеге асырылады. Бұл су, жылу және электр энергиясы бойынша ақылды есептегіштерді енгізуді және деректерді автоматтандырылған жинауды қамтиды. 2026 жылы «Энергетика және коммуналдық секторды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 2,8 мың шақырым су бұру желілерін және 5 мың шақырым су құбыры желілерін жаңарту жоспарланған. Нәтижесінде 2030 жылға қарай олардың тозу деңгейі тиісінше 33% және 41%-ға дейін төмендетіледі. Геологиялық барлауда Big Data және жасанды интеллект енгізіледі. Мақсат – геологиялық деректердің кемінде 90%-ын қамту, архивтерді машина оқитын форматқа көшіру және 3D-визуализациясы бар құрылымдалған ГАЖ-база құру. Биыл жалпы сомасы 1,7 трлн теңгені құрайтын шамамен 200 жобаны іске асыру жоспарланған. Бұл жобаларды іске қосу нәтижесінде 19,4 мыңға жуық тұрақты жұмыс орны құрылады.

ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ КОАЛИЦИЯ ҚҰРЫЛДЫ

Елордада еліміздің жетекші қоғамдық-саяси күштері «Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін!» атты Жалпыұлттық коалицияға бірікті. Оның құрамына бес жетекші саяси партияның өкілдері мен миллиондаған азаматтың мүддесін білдіретін 300-ден астам қоғамдық ұйым енді. Бұл туралы Жалпыұлттық коалицияның баспасөз қызметі хабарлады.



Отырысқа қатысушылар жаңа Конституция жобасы күшті әрі әділетті Қазақстан құрудың іргетасына айналып, саяси жүйе архитектурасын қоғамның жаңа сұранысына сай түбегейлі қайта жаңғыртатынын атап өтті. Бұл биліктің барлық тармағының тұрақты жұмысын қамтамасыз етіп, азаматтардың мемлекетті басқару ісіне қатысуын кеңейтеді әрі елдің орнықты дамуына жол ашады.

Мәжіліс спикері, Жалпыұлттық коалиция жетекшісі Ерлан Қошанов атап өткендей, жаңа Конституция – шын мәнінде халықты біріктіруге, ұлттық рухты көтеруге қабілетті тарихи құжат. Онда ең алдымен адамға басымдық беріліп, мемлекеттің басты байлығы жер қойнауындағы ресурстар емес, білімді жас ұрпақ екені айқындалды. Бұл – Президент қолға алған ауқымды өзгерістердің алтын арқауы. Енді ол ең жоғары конституциялық деңгейде бекітілуде.

«Қазақстанның жаңа Конституциясы – осы іргелі реформалардың шырқау шыңы. Бұл – Президентіміздің жылдар бойғы ой-толғамдарының жемісі. Халықтың мұң-мұқтажы, талап-тілегі мен үміт-сенімі ұштасқан тарихи құжат. Сондықтан жаңа Конституция халықпен бірге жазылған – нағыз халықтық Конституция деуге толық негіз бар. Біз келер ұрпаққа әр азамат мақтан тұтатын, өркендеген, әділетті Қазақстанды қалдыруымыз керек. Бәрімізді біріктіретін осы асқақ арман. Сол арманға – әділетті әрі прогрессивті Қазақстанға Президентімізбен бірге жетейік» деді ол.

Өз сөзінде Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин жаңа Конституцияның маңызына тоқталды:

«Қазақстан болашақта азаматтары білімді, ғылымды меңгерген, инновацияға арқа сүйеген, технологиясы дамыған елдердің қатарында болуға ұмтылатынын байқатты. Сондықтан бұл – елдің өркендеуіне жаңа серпін беретін Конституция» деді ол.

Сондай-ақ отырыс барысында «Ауыл» партиясының төрағасы Серік Егізбаев, «Ақ жол» Қазақстан демократиялық партиясының төрағасы Азат Перуашев, «Respublica» партиясының төрағасы Айдарбек Қожаназаров, Мәжілістегі Қазақстан халық партиясы фракциясының жетекшісі Магеррам Магеррамов, Мәжіліс депутаттары, Amanat партиясы фракциясының мүшелері Ерлан Саиров, Үнзила Шапақ және Сергей Пономарев сөз сөйледі.

Сонымен қатар «АгромашХолдингKZ» АҚ президенті Динара Шүкіжанова, Республикалық адвокаттар алқасының төрағасы Мәди Мырзағараев, саясаттанушы Марат Шибұтов, «Қазақ тілі» халықаралық қоғамының президенті Рауан Кенжеханұлы өз ұстанымдарымен бөлісті.

Кездесуге қатысушылар жаңа Конституция жобасы мемлекеттің саяси жүйесін одан әрі жаңғыртуға, әлеуметтік кепілдіктерді нығайтуға, кәсіпкерлікті қолдауға, ғылымды, мәдениетті және ұлттық құндылықтарды дамытуға бағытталған стратегиялық бағдарға толық сәйкес келетінін атап өтті. Ұсынылып отырған өзгерістер азаматтардың әл-ауқатын арттыруға бағдарланған мемлекеттік институттардың неғұрлым тұрақты әрі тиімді моделін қалыптастыратыны баса айтылды.

Сонымен қатар мемлекет институционалдық өзгерістер жолында маңызды кезеңнен өткені атап өтілді: «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласы нығаюда, Конституциялық Сот жұмыс істеуде, заңсыз шығарылған активтер мемлекетке қайтарылуда, ұлттық ресурстарды әділ бөлу қағидаты күшейтілуде. Бұл барлық шешім әділдік, теңдік және болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілік құндылықтарына негізделді.

Жаңа Негізгі заң қоғамдағы терең өзгерістер мен дүниетанымы жаңарған, мемлекетке жоғары талап қоятын жаңа буынның қалыптасуына жауап ретінде қабылданғаны атап өтілді. Осы үміттердің өзегінде адалдыққа, заң үстемдігіне, адамның қадір-қасиетіне деген құрметке және адам құқығына кепілдік беруге деген сұраныс жатыр. Жаңа Конституция осы қоғамдық талаптарға айқын әрі нақты жауап береді.

Сондай-ақ Негізгі заң жобасы қоғаммен ашық әрі ауқымды диалог аясында әзірленгені айтылды. Конституциялық комиссия жұмысы жария түрде, тікелей эфирде және тұрақты кері байланыс орната отырып жүргізілді. Осы уақыт аралығында азаматтардан, сарапшылардан, кәсіби қауымдастықтардан және түрлі сала өкілдерінен 10 мың ұсыныс пен өтініш келіп түсті. Олардың әрқайсысы құжатты әзірлеу барысында қаралып, ескеріліп отырды. Сөз сөйлеген барша азамат осы шешуші кезеңде жаңа Конституцияны қабылдаудың тарихи маңызын қалың жұртшылық арасында ілгерілету үшін қоғамдағы жетекші күштерді біріктірудің маңызын атап өтті.

Коалиция құрамына саяси партиялардың орталық және өңірлік құрылымдары, республикалық қоғамдық бірлестіктер, Парламент және мәслихат депутаттары, ғылыми және сарапшылық қауымдастық өкілдері, мәдениет және спорт қайраткерлері, кәсіподақ ұйымдары, салалық қауымдастықтар мен жастар бірлестіктері кірді.

Жуырда коалиция мүшелері өңірлерде түсіндіру жұмысын бастайды. Алдағы референдум қарсаңында ашық диалог пен азаматтардың саналы түрде қатысуын қамтамасыз ету мақсатында еңбек ұжымдарымен, сарапшылар қауымымен және тұрғындармен кездесу өткізу жоспарланып отыр. Соның ішінде шалғай елді мекендер де назардан тыс қалмайды. Себебі әрбір қазақстандық азаматтың дауысы аса маңызды.

№18 (4916) 14/02/2026 Сенбі



Ерлан ҚОШАНОВ,
Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің төрағасы:

САЯСИ КЕМЕЛДЕНУІНІҢ ДӘЛЕЛІ

– 2026 жылғы 15 наурызда халқымыз ел болашағы үшін тағдырлы таңдау жасап, қуатты да әділетті Қазақстанды құру жолындағы сенімді ілгерілеуге жаңа серпін береді.

Соңғы жылдардағы жағдайлар Қазақстан қоғамының санасында түбегейлі бетбұрыс болғанын айқын аңғартты. Барлық деңгейде жаңа саяси мәдениет қалыптасты. Оның басты көрінісі – азаматтардың қоғамдық өмірге белсенді араласуы және мемлекеттің бүгінгісі мен ертеңі үшін жауапкершілікті өз мойнына алуға әзірлігі.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ел басқарған алғашқы күндерінен бастап дәйекті түрде жүзеге асырып келе жатқан «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидаты билік пен қоғам арасында азаматтар үшін ең өзекті мәселелер бойынша кең ауқымды әрі кәсіби, өзара құрметке негізделген диалогтың берік іргетасына айналды.

Қоғамның саяси кемелденуінің айқын дәлелі – жаңа Конституция жобасын әзірлеу төңірегінде өрбіген жалпыұлттық диалог. Өкілді Конституциялық комиссия тікелей эфирде әрбір норманың мәнін жан-жақты түсіндіріп, азаматтарды толғандырған өзекті мәселелер бойынша кері байланыс беріп отырды. Бұл жұмысқа Мәжіліс депутаттары да белсене қатысты. Мұндай теңдессіз ашықтық қоғамның сенімін нығайтып, комиссияның атына мыңдаған ұсыныс түсті. Соның нәтижесінде бүгінде қоғамның ең өзекті сұраныстарына жауап беретін Конституция жобасы әзірленді. Құжат преамбуласынан бастап-ақ түсінікті әрі айқын тілмен жазылған, онда барша қазақстандықтарға ортақ құндылықтар көрініс тапты.

Қазірдің өзінде жаңа Ата заңның жобасын саяси партиялар, сарапшылар мен миллиондаған азаматтың мүддесін білдіретін қоғамдық ұйымдар қолдады. Ертең олардың бәрі жаңа Конституциядағы әрбір жаңашыл норманың маңызын түсіндіру мақсатымен бүкіл ел бойынша жұмысты бастайды.

Мен 15 наурыздың еліміздің жаңа тарихында мәңгілік із қалдыратынына сенімдімін. Ол қоғамның бұрын-соңды болмаған бірлігінің және ұлттық рухтың биікке көтерілгенінің символына айналады.



Нұртөре ЖҮСІП,
ҚР Парламенті Сенатының депутаты:

ОРНЫҚТЫ ДАМУДЫҢ НЕГІЗІ

– 15 Наурыз – Референдум! Президент Жалпыхалықтық референдум өтетін күнді белгіледі. Сонымен Ата заң толық талқылаудан өтіп, халыққа ұсынылды. Конституция кіріспесінде біздің ұлттық құндылықтарымыз нақты жазылған, сондықтан олар қанша уақыт өтсе де мызғымас болады. Онда қазақ жеріндегі өркениет пен мемлекеттіліктің терең тамыры бейнеленген. Еліміздің Ұлы даланың ұлы мемлекеттерімен сабақтастығы туралы нық мәлімделді. Мемлекеттің біртұтас сипаты, шекараларға қол сұғылмаушылық және аумақтық тұтастық жеке қағидаттық ережемен белгіленді. Бұл бағдарлар Қазақстан Республикасының егемендігін, тұрақтылығы мен қауіпсіздігін нығайту басымдығын көрсетеді.

Кіріспеде «Әділетті Қазақстан» құндылық бағдарлары және «Заң мен тәртіп» қағидаты бекітілген, сондай-ақ азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының басымдығы расталған, бұл әділетті мемлекеттік басқаруға, заңдылықты нығайтуға және институттарға деген сенімді арттыруға ұмтылысты көрсетеді.

Қоғамдық бейбітшілік пен орнықты дамудың негізі ретінде этносаралық және конфессияаралық келісімді сақтауға елеулі көңіл бөлінеді. Мәдениет пен білім, ғылым мен инновация елдің бәсекеге қабілеттілігі мен адами капиталды дамыту факторлары ретінде болашақтың басымдықтарымен белгіленеді. Жалпы құндылық ретінде табиғатқа ұқыпты қарау және экологиялық әл-ауқат үшін жауапкершілік те бекітіледі. Кіріспедегі бұл өзгерістер сарапшылар арасында олардың заңды құжатта қаншалықты бекітілуі қажет екендігі туралы сұрақтар туғызады. Құндылық қатарын күшейту үшін оларды келесі бағытта ілгерілету ұсынылады:


Конституция – бұл өкілеттіктер мен рәсімдердің бөлінуін реттейтін заңды құжат қана емес, сонымен қатар қоғамдық шарттың құндылық шеңберін белгілейтін нормативтік-құндылық негізі. Кіріспеде құндылықтарды бекіту – жетілген мемлекеттер конституцияларының қалыптасқан тәжірибесі. Мысалы, кіріспелерде адамның қадір-қасиеті, әлеуметтік әділеттілік, құқықтың үстемдігі, ынтымақтастық, тұрақты даму сияқты санаттар бекітіледі. Бұл ережелер тікелей заңды міндеттер туғызбайды, бірақ құқықтық тәртіп философиясын анықтайды. Сондықтан біздің кіріспеде көрсетілген бағдарлар мемлекет пен қоғам дамуының жаңа кезеңін көрсетеді.

Сыртқы саясаттың бейбіт бағытын және барлық мемлекеттермен ынтымақтастыққа ұмтылысты сақтай отырып, жаңартылған кіріспе халықтың бірлігіне, мемлекеттілікті, әділдік пен заңдылықты нығайтуға, азаматтардың құқығын қорғауға, жаңғыртуға және болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілікке негізделген жаңа қоғамдық шартты көрсетеді.

Бұрынғы кіріспе тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде мемлекет пен қауымдастықтың шындығын көрсетті. Қазіргісі – қалыптасқан мемлекетке тән, кемелденген, жауапты қоғамның бейнесі, ол алға қарап, болашаққа ұмтылған.

Мемлекеттік құрылыстың барлық аталған қағидаттары біздің мақсаттарымыз, ұмтылыстарымыз тұрғысынан өзекті.

Басқару нысаны – президенттік республика. Республиканың 3 түрі бар: парламенттік, президенттік, аралас. Біздің республика президенттік, онда Президент – мемлекет пен үкіметтің басшысы. Ұсынылған өзгеріс «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасына сәйкес келеді.



Зұлфухар ҒАЙЫПОВ,
Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы, ҚР Ұлттық құрылтай мүшесі, Конституциялық реформа жөніндегі комиссия мүшесі:

ЕЛДІҢ ӨРКЕНДЕУІНЕ ТЫҢ СЕРПІН БЕРЕДІ

– Конституциялық реформа жөніндегі комиссия өзінің XII соңғы отырысын өткізді. Отырыс нәтижесінде комиссия жаңа Конституцияның жобасын толық мақұлдап, ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевқа референдум өткізу үшін шешім қабылдауға жолдады.

Комиссия төрағасы мен оның орынбасарын қабылдаған Мемлекет басшысы 2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдум өткізу туралы Жарлыққа қол қойды. Бұл референдум мемлекетіміздің дамуына жаңа серпін беретіні сөзсіз.

Референдум – халықтың өз билігін тікелей жүзеге асыруының бір нысаны. Халық референдум арқылы маңызды мәселелер бойынша өз пікірін білдіреді, ол халықты саяси процестерге белсенді қатысуға шақырады.

Референдум Қазақстанның саяси дамуында маңызды орын алып, халықтың еркі мен биліктің легитимділігін қамтамасыз етеді және халықтың өз билігін тікелей жүзеге асыруының маңызды институты саналады.

Ендігі жерде отандастарымызға биыл 15 наурызда өз таңдау құқығы беріліп отыр. Сондықтан осындай елдік мәселе таразыға түсіп жатқанда ешкім шет қалмай, бірлігіміз бен парасаттылығымызды танытайық, ардақты ағайын!

САРАПТАМАЛЫҚ ТЫҢДАЛЫМ ӨТТІ

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде БАҚ-та жарияланып, референдумға шығарылған Қазақстанның жаңа Конституциясына арналған дөңгелек үстел ұйымдастырылды.



Жиынға Мәжіліс депутаттары, академиялық қауымдастық өкілдері мен жетекші заңгер-ғалымдар қатысты. Олардың ішінде ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Никита Шаталов, ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ директорының орынбасары Алуа Жолдыбалина, Философия, саясаттану және дінтану институтының директоры Айгүл Сәдуақасова, PhD, Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары Еркебұлан Жұмашев, заң ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор, заң факультетінің деканы Бауыржан Сматлаев сөз сөйледі.

Қатысушылар ұсынылған жаңа Ата заңның негізгі ережелерін, тұжырымдамалық негіздерін және институционалдық жаңашылдықтарын жан-жақты сөз етті. Сарапшылар жаңа Конституция жобасы азаматтардың қауіпсіздігі мен құқығын қорғауға басымдық беретінін, халық пен билік арасындағы өзара сенімді нығайтатынын атап өтті. Сонымен қатар құжат ел бірлігі мен тыныштығын, жер тұтастығын және адам құқықтарын сақтаудың маңызды кепілі ретінде бағаланды.

Дөңгелек үстелге Л.Гумилев атындағы ЕҰУ басқарма мүшесі – сапаны қамтамасыз ету және ішкі бақылау жөніндегі проректор Индира Рыстина модераторлық етті. Оның айтуынша, еліміз қазіргі таңда тарихи кезеңді бастан өткеріп отыр.

– Біз мемлекетіміздің дамуындағы маңызды белестеде тұрмыз. БАҚ бетінде референдумға шығарылған жаңа Конституция – ел болашағын айқындайтын құжат. Ата заңның алғашқы бабында «Мемлекеттің ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп нақты көрсетілген. Сондықтан конституциялық реформаға қоғам бейжай қарамады. Биылғы Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы Конституцияға түбегейлі өзгерістер енгізілетінін жариялап, саяси жаңғырудың жаңа кезеңін бастады. Құрылған Конституциялық комиссия құрамына түрлі сала өкілдерімен қатар ғылыми қауымдастық мүшелері де енді. Ұсынылып отырған жаңа Конституцияда ғылым мен білімге, мәдениет пен инновацияға айрықша мән берілген. Алдағы уақытта әр баптың қалай қабылданғаны жөнінде деректі фильм түсірілсе, ол Конституция тарихы үшін үлкен олжа болар еді, – деді проректор.

Жиында мемлекеттік биліктің конституциялық негіздерін нығайту, билік тармақтары арасындағы тепе-теңдікті сақтау, мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру, құқық үстемдігін күшейту, демократиялық институттарды дамыту және елдің орнықты әлеуметтік-саяси дамуын қамтамасыз етуге бағытталған нормалар жайлы сөз болды. Адам құқықтары мен азаматтық жауапкершілік мәселелері де назардан тыс қалмады.

Іс-шара сараптамалық баяндамалар, пікір алмасу және сұрақ-жауап форматында өтті. Қатысушылар жаңа конституциялық жаңғыруды тек құқықтық құжат ретінде емес, білімді, инновацияны және сыни ойлауды бағалайтын жаңа қоғамдық келісімнің негізі ретінде қабылдады.

– Жаңа Конституцияны «Егемен Қазақстан» газетінен мұқият оқып шықтым. Мені Конституциялық комиссия мүшесі ретінде жаңа заңда халық білдірген ұсыныстар мен пікірлердің ескерілгені қуантты. Бұл – демократиялық өрлеудің нақты көрінісі, – деді Философия, саясаттану және дінтану институтының директоры Айгүл Сәдуақасова.

ЖОБА ЖАҢАЛЫҚТАРЫ АЙТЫЛДЫ

Елордадағы Esil University ұжымында жаңа Конституция жобасының негізгі ұстанымдары талқыланды. Жиынға ҚР Президенті Іс басқармасы жанындағы «Парламентаризм институты» ғылыми зерттеулер орталығының басшысы Нұржан Сәулен, Esil University бірінші проректоры – академиялық мәселелер жөніндегі проректор Серік Мақыш, заң ғылымдарының докторы Жамаладен Ибрагимов, заң ғылымдарының кандидаты Нұртай Иманғалиев қатысты.



– Алдағы референдумда жаңа Конституция жобасы қабылданса, онда әрі қарай алгоритмдер басталады. Ресми қорытындысы жарияланады. Жаңа Конституция 2026 жылдың шілдесінен бастап күшіне енеді. Екінші мәселе, сол 1 шілдеден бастап бүгінгі таңдағы Парламент өз құзыретін тоқтатады. Сол күннен бастап Мемлекет басшысы Құрылтайдың сайлауын жариялайды. Ол 2 ай көлемінде өтуі керек. Қарапайым тілмен айтқанда, күзде жаңа бірпалаталы Құрылтай өзінің қызметіне кіріседі, – деді заң ғылымдарының докторы Жамаладен Ибрагимов.

Жаңа Конституцияда «Парламент» бөлімі «Құрылтай» деп аталады. Ол 5 жыл мерзімге сайланатын 145 депутаттан тұрады.

– Бұл заңдағы тағы бір маңызды жаңалық – «Миранда» ережесінің негізгі заң деңгейінде бекітілуі. Бұл адамның өзіне қарсы куәлік бермеу, үнсіз қалу, қорғаушының көмегін пайдалану құқығын қамтамасыз етеді. Енді бұл норма конституциялық кепілдікке айналады. Жаңа Конституция жобасы халық тарапынан қолдау тапса, қоғамға қызмет етеді деген ойдамыз, – деді Жамаладен Ибрагимов.

ЕҢБЕК ҰЖЫМЫНА ТҮСІНДІРІЛДІ

Астана қаласы мәслихатының депутаты Нұрлан Өтешов «Астана тазалық» кәсіпорнының еңбек ұжымына Қазақстан Республикасы Конституциясының жаңа жобасын түсіндірді.

Жаңа Ата заңда адам құқығына басымдық берілгенін айтқан депутат Әділетті Қазақстанда еңбек адамдарының құқығы басты орында болатынын атап өтті.

«Президент былтырғы қыркүйектегі Жолдауында заң шығару кезіндегі кейбір кедергіні жойып, процесс мерзімін қысқарту үшін елімізде бір палаталы Парламент құруды ұсынған болатын. Биылғы Ұлттық құрылтайда парламентті Құрылтай деп атауды ұсынды. Жалпы, жаңа Конституция жобасы жарты жылдан бері қоғамда қызу талқыланып жатыр. Жалпы, Ата заңымыз өзінің тарихында бірнеше мәрте трансформациядан өтті. Мысалы, Қазақ КСР кезіндегі Конституцияны егемен елдің тынысына сәйкес жаңарту қажеттілігі туындады. Қазіргі таңда еліміз заманауи бағытқа қадам басып отыр. Бұл – өркениетті елдердің тәжірибесінде бар тенденция» деді Н.Өтешов.

Сонымен қатар мәслихат депутаты Конституцияда бір ғана мемлекеттік тіл бар екенін, ол қазақ тілі екенін баса атады. Алдағы уақытта да қазақ тілінің рөлі күшейе түсетінін айтқан ол бүгінде елімізде бір тудың астында тату-тәтті өмір сүріп жатқан барлық ұлт өкілдерінің мемлекеттік тілге құрметі зор екенін, әсіресе, әлеуметтік желіде қазақша контент түсіруге ынтасы артып келе жатқанын тілге тиек етті. Сонымен қатар қалалық мәслихат депутаты Құрылтай мен Халық кеңесінің маңыздылығына тоқталды.

Жиын барысында кәсіпорын қызметкерлері спикері сұрақтарын қойып, ұсыныс-тілектерін жеткізді. Өз кезегінде «Астана Тазалық» ЖШС бас директорының орынбасары Ерлан Қалымов мәслихат депутатына ризашылығын білдірді.

ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМНЫҢ НЕГІЗІ

Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі Бақдәулет Жанділдаев конституциялық реформаның мәні мен маңызын түсіндіру мақсатында «Астана су арнасы» кәсіпорны қызметкерлерімен кездесті.



«Конституция – негізгі заң ғана емес, мемлекеттік басқару жүйесінің, мемлекет пен қоғам арасындағы өзара іс-қимылдың, сондай-ақ азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктері қалыптасатын берік іргетас. Жүргізіліп жатқан конституциялық реформа – Әділетті Қазақстанды құру бағытының заңды жалғасы. Оның басты мақсаты – өкілеттіктерді қайта бөлу, билік тармақтары арасындағы тепе-теңдікті күшейту, мемлекеттік органдардың жауапкершілігін арттыру және азаматтық қоғамның рөлін нығайту» деген спикер елдің жаңартылған басты құжатының бағыттарына тоқталды. Конституция кіріспесіне ерекше көңіл бөлінгенін айта келе, Әділетті Қазақстан аясында заң алдында баршаның теңдігі қамтамасыз етілетінін, барлық азаматтарға тең мүмкіндіктер жасалатынын, мемлекеттік шешімдер халықтың мүддесіне сай қабылданатынын, биліктің әлеуметтік жауапкершілігі күшейтілетінін атап өтті.

«Әділеттілік – бұл жай ұран емес. Бұл – барлық мемлекеттік және квазимемлекеттік құрылымдар үшін нақты бағдар» деді Жандәулет Байділдаев.

«Заң және тәртіп» қағидаты заңның мүлтіксіз үстемдігін білдіретінін, ешбір лауазым иесі, белгілі бір мәртебе немесе ықпал заңнан жоғары тұрмайтынын айтты.

«Коммуналдық шаруашылық жүйесі үшін бұл аса маңызды. Тариф саясатының ашықтығы, регламенттердің сақталуы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен өндірістік тәртіп – осы қағидаттың көрінісі» деді Қоғамдық кеңес мүшесі.

ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ САРАЛАНДЫ

Астана қаласы әкімдігінің «Үміт» дағдарыс орталығында жаңа Конституция жобасы туралы ақпараттық-түсіндіру іс-шарасы өтті.

Орталық ұжымымен дөңгелек үстел басында кездескен ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссия төрағасының орынбасары Салтанат Тұрсынбекова жаңа Конституцияның мән-маңызын түсіндіріп, ондағы басты-басты өзгерістерге тоқталды.

«Конституция преамбуламен басталады. 11 бөлім бар. 96 бап бар. Ата заңымызға 84 пайыз өзгеріс енді.

Бір палаталы парламент құрылмақ. Оның аты «Құрылтай» болады. Оған 145 депутат сайланады. Ол депутаттардың жұмыс мерзімі 5 жылға созылады. Құрылтай депутаттары пропорционалды жүйемен сайланады. Енді партиялардың алдында жауапты міндет тұр. Сондай-ақ жоба бойынша жаңадан диалог алаңы ашылады, яғни Қазақстан халқы



Ассамблеясы мен күні кешеге дейін жұмыс жасаған Құрылтайдың жұмысын біріктіріп, «Халық кеңесі» құрылады.

Кеңеске кіретін мүшелер халықтан сайланады. Ел ішіндегі ұсыныс-пікірлерді жеткізеді. Олар өздері заң қабылдай алмайды, бірақ қабылданған заңның нақты халықтың сұранысына ие болуына ықпал етеді. Бұл – халықтың үнін еститін тағы бір тиімді тетік. Одан бөлек, вице-президент институты болады. Вице-президент – қоғамдық ұйымдармен, ғалымдармен, мәдени-ағартушылық жұмыспен, халықаралық жүйемен жұмыс істейтін лауазым иесі болмақ» деген спикер жаңа Ата заңға енген басқа да жаңалықтарды егжей-тегжейлі айтып берді.

Салтанат Пархатқызы сөз соңында қатысушыларды 15 наурызда өтетін референдумға бірауыздан қатысып, өз дауыстарын беруге шақырды.

АТА ЗАҢ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Кеше Өндіріс тұрғын алабында Қазақстан Республикасы Грэпплинг қауымдастығының президенті, Ұлттық құраманың бас жаттықтырушысы, Біріккен күрес әлемі (United World Wrestling) жанындағы Дүниежүзілік грэпплинг комитеті атқару комитетінің мүшесі, Азия грэпплинг комитетінің президенті, халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы Қанат Алин халықпен кездесу өткізді.

Кездесу барысында Қанат Төлеубекұлы Конституция мемлекеттің құқықтық негізі ғана емес, сонымен қатар халық пен билік арасындағы сенім мен жауапкершілікке негізделген қоғамдық келісім екенін атап өтті.

Сондай-ақ ол ұсынылып отырған Конституция жобасы азаматтар, сарапшылар және қоғамдық ұйымдардың ұсыныстары негізінде қалыптасқан жүйелі бастама екенін түсіндірді.

– Реформаның басты мақсаты – тұрақты әрі тиімді мемлекеттік басқару моделін қалыптастыру, мемлекет пен қоғам арасындағы тепе-теңдікті сақтау және азаматтардың саналы қатысуын арттыру. Жаңа конституциялық ұстанымдардың негізінде адам, оның өмірі, құқықтары мен қадір-қасиеті басты құндылық ретінде айқындалады. Сонымен қатар әділдік, заң үстемдігі, заң алдында теңдік, табиғатқа жауапкершілік және халық бірлігі негізгі қағидалар ретінде белгіленеді, – деді ол.



Назгүл МАҚЖАН,
Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі:

ӘРКІМ ҰСТАНЫМЫН БІЛДІРЕДІ

– Астана қаласының қоғамдық кеңесінің мүшесі ретінде 2026 жылғы 15 наурызда Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының жобасы бойынша республикалық референдум өткізу туралы шешім көлемді және жан-жақты қоғамдық талқылаудың нәтижесі болғанын атап өту маңызды деп санаймын.

Соңғы айларда елімізде мемлекеттік органдар, сарапшылар қауымдастығы, азаматтық сектор және жалпы жұртшылық өкілдерінің қатысуымен ашық пікірталастар өтті. Мұндай диалог әртүрлі пікірлерді ескеруге және Қазақстанның одан әрі дамуына және құқықтық мемлекет қағидаттарын нығайтуға бағытталған стратегиялық маңызды шешім қабылдау үшін негіз қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Референдум – тікелей демократияның негізгі құралы, ол әрбір азаматқа елдің маңызды мәселелері бойынша өз ұстанымын білдіруге мүмкіндік береді. Азаматтардың дауыс беруге белсенді қатысуы жоғары азаматтық жауапкершіліктің, мемлекеттік институттарға деген сенімнің және Қазақстанның тұрақты дамуына ортақ мүдделіліктің көрінісі болатынына сенімдімін.



Есберген АЛАУХАНОВ,
заң ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі:

ЕЛ ЕРТЕҢІ ҮШІН МАҢЫЗДЫ ӨЗГЕРІС

– Еліміздің алдағы дамуы үшін маңызды реформа – Конституцияның жаңа жобасы бұған дейін жарияланды. Комиссия мүшелері де, қоғам өкілдері де біраз талқылады. Оның үстіне халықтың арасында тыңдаулар өтті, жаңа жобаны түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылды.

Өзім де сол жұмыстардың бел ортасында жүрдім. Конституциялық комиссия халықтан түскен әртүрлі ұсыныстар бойынша түзету енгізді. Осылайша Конституция жобасы бір ретке келді. Міне, енді Мемлекет басшысы соның бәрін қорытындылап, референдум өткізу туралы Жарлыққа қол қойды. Ел ертеңі үшін маңызды өзгерістерді, жалпы референдумның өтуін қолдаймын. Бұл саяси оқиғаның өтуіне бәріміз бірауыздан атсалысып, мемлекетіміздің жарқын болашағына дұрыс қадам жасауымыз керек деп санаймын.

БОЛАШАҚТЫ АЙҚЫНДАЙТЫН БАҒДАР

Елордадағы Бірыңғай консолидациялау орталығының ұжымында Қазақстанның жаңа Конституциясы жобасының негізгі ережелерін талқылауға арналған кездесу өтті.

Кездесуді орталықтың басқарушы директоры, Конституциялық реформа жөніндегі комиссияның мүшесі Замира Кузиева құттықтау сөзбен ашты.

«Бизнес қауымдастығының өкілі ретінде Қазақстанның жаңа Конституциясы жобасына қатысты өз көзқарасымды білдіргім келеді. Мен үшін бұл – ел дамуының алдағы жылдарға арналған бағытын айқындайтын бағдар. Жаһандық өзгерістер жағдайында Негізгі заңның тұрақтылықты, түсінікті қағидаларды және болжамдылықты қамтамасыз етуі аса маңызды – бұл азаматтар үшін де, бизнес үшін де қажет. Сонымен қатар Конституция еңбек етуге, қызмет түрін еркін таңдауға, демалуға және әлеуметтік қорғауға құқықты күшейтеді. Бұл экономикалық даму мен әлеуметтік жауапкершілік арасындағы тепе-теңдікті қалыптастырады, онсыз тұрақты өсім мүмкін емес» деді ол.

Оның айтуынша, бұл нормалар ұзақ мерзімді жоспарлау мен жауапты кәсіпкерлікке мүмкіндік беретін түсінікті әрі тұрақты орта қалыптастырады.

«Институционалдық өзгерістер мен мемлекет пен қоғам арасындағы диалогты дамыту да маңызды. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидаты сенім қалыптастырады, ал сенім – инвестиция, өсім және ұзақ мерзімді жоспарлаудың негізгі факторы. Мен үшін жаңа Конституция – серіктестікке бастайтын қадам. Яғни мемлекет, бизнес және азаматтар ортақ ережелер мен мақсаттарды түсіне отырып, бір бағытта әрекет етеді. Мұндай өзгерістер еліміздің болашағы үшін берік негіз қалайды деп санаймын» деді спикер.

Бірыңғай консолидациялау орталығы» ЖШС – бақылау, сәйкестендіру және буып-түюге арналған өнімдерді әзірлеу мен өндіруді біріктіретін заманауи өндірістік кешен. Кәсіпорын бақылау-индикаторлық пломбалар, жануарларды сәйкестендіруге арналған құлақ сырғалары, сондай-ақ қорап үлгісіндегі полипропилен қаптарға арналған бекіту-пломбалау құрылғыларын өндіруге маманданған. Компания нарықта 25 жылдан астам табысты жұмыс істеп, сенімді өндіруші әрі тұрақты серіктес ретінде танылған.

№18 (4916) 14/02/2026 Сенбі

СУ ТАСҚЫНЫНАН САҚТАЙДЫ

Астанада су тасқынының алдын алу бағытында кешенді жұмыс атқарылып жатыр. Арық-науа және нөсерлі кәріз желілерін тазалау, тазарту құрылысын салу және қайта жаңғырту, қар шығару жұмысы жүргізіле бастады. Еріген қар суын ағызу бойынша Кешенді іс-шаралар жоспары бекітілді. Бұл мәселелер әкімдікте өткен кеңесте талқыланып, оған ТЖД, «Қазсушар» РМК, «Қазгидромет» РМК және өзге де ведомстволық құрылымдар қатысты.



Қаланың коммуналдық қызметтері 38 шақырым арық-науа желісін және 16 шақырым нөсерлі кәріз жүйесін тазартты. Сонымен қатар 3,3 мыңға жуық бақылау және жаңбыр суын қабылдайтын құдықтар тазаланып, 530 метр құбыр буландырылып тазартылды, 884 тонна лай шығарылды. Биыл қыс мезгілінде 4,6 млн текше метрден астам қар қала сыртына шығарылды.

Су тасқынының алдын алу және салдарын жою үшін инертті материалдар қоры дайындалды. Азаматтық қорғау органдары мен коммуналдық қызметтер тұрақты дайындық режиміне көшірілген.

«Астана су арнасы» желісі бойынша 170 метр қысымды желі тартылып, диаметрі 400-1600 мм болатын магистральдық желілер тазартылуда. Кәріз-тазарту станциясында (КТС) сағатына 5-7 мың текше метр су айдайтын 4 сорғы орнатылған. Индустриялық парк ауданында Ақбұлақ өзені бойының жағалауын бекіту, өзен арнасын кеңейту жұмысы жүргізілуде.

Астана әкімі Жеңіс Қасымбек әлеуметтік нысандар, жекеменшік сектор және елді мекендер аумағынан қарды уақытылы шығару, сондай-ақ бөгеттер мен гидротехникалық құрылыстардың жағдайын тұрақты бақылауда ұстау қажеттігін атап өтті.

Су тасқыны кезеңіне дайындық жоспарлы түрде жүргізіліп, тәулік бойы атқарылатын жұмыстар бақылауға алынды.



ТӨРАҒА ҚАЙТА САЙЛАНДЫ

Астана қаласы Алматы ауданы әкімдігінің Мәжіліс залында «Ардагерлер ұйымы» РҚБ Алматы ауданы Ардагерлер кеңесінің V есеп беру-сайлау конференциясы өтті.



Шапағат ӘБДІР

Жиынға аудан әкімі, қалалық және республикалық ардагерлер ұйымдарының басшылары, мәслихат депутаттары мен 52 делегат қатысты. Конференция 2021-2025 жылдар аралығындағы жұмысты қорытындылап, алдағы кезеңнің басым бағыттарын айқындауға арналды.

Жиынды ашқан аудан әкімі Рүстем Тәуекелов ардагерлердің қоғамдағы айрықша орнына тоқталып, олардың ел тарихындағы рөлін ерекше атап өтті. Сондай-ақ әкім аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Марат Кәрімұлының ұйымдастырушылық еңбегін атап өтіп, соңғы жылдары ардагерлердің саяси-мәдени іс-шараларға белсенді қатысып келе жатқанын айтты.

Аталған жиын барысында Алматы ауданы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Марат Мұстафин баяндама жасады.

Баяндама барысында Марат Кәрімұлы Мемлекет басшысының ардагерлерге қолдау көрсету жөніндегі саясатына тоқталып, бұл бағыттағы жұмыстар жалғаса беретінін жеткізді.

Бүгінде аталған ауданда 29 мыңнан астам ардагер бар, олардың басым бөлігі 50 бастауыш ұйымға бірігіп, қоғамдық өмірге белсенді араласып отыр. Сонымен қатар ауданда Ұлы Отан соғысының бір ардагері мен 198 тыл еңбеккері бар екенін айтқан баяндамашы ұйым жұмысының негізгі бағыттарын саралап, әлеуметтік қолдау, рухани-мәдени шаралар мен ұрпақтар сабақтастығын нығайту мәселелеріне тоқталды.

2025 жыл елімізде Президент бастамасымен «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жарияланауына орай ауданымызда бірқатар іс-шаралар өткізілді. Аудан әкімдігінің бастамасымен, Алматы ауданы Ардагерлер кеңесінің және Amanat партиясының қатысуымен «Жұмысшы мамандықтар жылына» арналған «Еңбек жәрмеңкесі» ұйымдастырылды. Ардагер аталарымыз бен әжелеріміздің қатысуымен Ахмет Байтұрсынов атындағы №48 мектеп-лицейде, Райымбек батыр атындағы №50 мектепте, №104 мектеп-гимназияда және Е.Серкебаев атындағы №3 музыка мектебінде «Ұрпақтар сабақтастығы» аясында кездесулер өтті. Астанадағы «Қоғамдық тамақтану және сервис» колледжі жоғары білікті мамандар даярлауда жетекші оқу орындарының бірі. Колледж білім берумен қатар жастарды тәрбиелеуге, ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға және әлеуметтік интеграцияға ерекше көңіл бөліп келеді» деді Марат Мұстафин.

Конференция барысында айтылған барлық ұсыныстар мен ескертулер мұқият талқыланып, аталған талқылаулардың нәтижесі бойынша Марат Кәрімұлының бұрынғы жұмысындағы жетістіктері жоғары бағаланды. Соңғы бес жыл ішінде ол аудандық ардагерлер ұйымының қызметін тиімді үйлестіріп, әріптестері мен қоғам тарапынан сенім мен құрметке ие екені айырықша аталып, Алматы аудандық Ардагерлер кеңесінің алдағы бес жылдағы төрағасы қызметіне бірауыздан Марат Кәрімұлы қайта сайланды.

ҚАЛА ҚАРДАН ТАЗАЛАНУДА

Астанада коммуналдық қызмет тәулік бойы күшейтілген режимде жұмыс істеп келеді. Қаланың қарын күреу күндіз-түні жүріп жатыр. Бұған 1700-ден астам техника 3042 жол жұмысшысы жұмылдырылды.

Елордадан арнайы полигондарға 4 039 ауыр жүк көлігінің рейсімен 66 000 текше метрден астам қар мен мұз шығарылды.

Ең алдымен, негізгі көшелер мен қоғамдық көлік жүретін бағыттар тазартылды. Одан кейін қозғалыс қарқыны орташа аумақтарда – ауладарда, алаңдарда, тротуарлар мен аялдамаларда тазалау жұмыстары жүргізілді.

Қала тұрғындарының қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ету үшін жолдар, тротуарлар мен көшелерге техникалық тұз себілді. Үздіксіз қызмет ету нәтижесінде қыс мезгілі басталғалы бері қаладан қар полигондарына 329 323 рейспен 4,8 млн текше метрден аса қар шығарылған.

Ескерте кетер ендігі бір жайт, Астана қаласының әкімдігі қала тұрғындары мен қонақтарын қауіпсіздік ережелерін сақтауға, жолдар мен тротуарларда барынша сақ болуға, сондай-ақ қолайсыз ауа райы жағдайында алыс жолға шықпауға шақырады.

Елордадағы №103 мектепте «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында жоғары сынып оқушыларымен профилактикалық кездесу өтті. Іс-шараны астаналық Білім басқармасының қолдауымен қалалық Психологиялық қолдау орталығы мен Есіл ауданының прокуратурасы бірлесіп ұйымдастырды.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҚ МАҢЫЗЫ

Индира БЕРЖАНОВА

Кездесу барысында Астана қаласы Білім басқармасы Қосымша білім беру және тәрбие бөлімінің басшысы Сұлтан Иманжан аталған іс-шара жасөспірімдердің құқықтық сауаттылығын арттыруды, зорлық-зомбылық пен буллингтің алдын алуды және оқушылардың өз болашағына қатысты өмірлік маңызды шешімдерді қабылдауда жауапты әрі саналы көзқарас қалыптастыруға үндейтінін атап өтті.

– Заң бойынша қылмыстық жауапкершілік 16 жастан басталады. Қылмыстық кодексте аса ауыр қылмыс жасағаны үшін (оның ішінде адам өлтіру бойынша) 14 жастан бастап жауапкершілікке тартылады. Сол үшін әр әрекетті жасамас бұрын алдымен сан рет ойланған жөн. Бастысы, күмәнді әрекеттен аулақ болыңыздар. Біз өз тарапымыздан қылмыс жасамауға, заңға бағынуға шақырамыз, – деді Есіл ауданы прокуратурасының бөлім прокуроры Ерасыл Досан.

Жиында сөз сөйлеген спикерлер оқушыларға оңай жолмен ақша табудың салдарын түсіндіріп, ақыл-кеңесін берді. Астаналық Психологиялық қолдау орталығының әдіскері Талжібек Стамбекова мектеп оқушыларына ағаттықпен жасаған әрекеттің ақыры өмір бойы опынуға әкелетінін түсіндіріп, қала бойынша ашылған 6 орталыққа жүгіне алатынын жеткізді.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ СЕГІЗІНШІ САЙЛАНЫМЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

2026 жылы 18 ақпанда сағат 11:00 Астана қаласы мәслихатының сегізінші сайланымының кезектен тыс сессиясы шақырылады.

Сессияның қарауына келесі сұрақтар енгізіледі:

1. «Астана қаласының аудандық аумақтық сайлау комиссияларының мүшелерін сайлау туралы» Астана қаласы мәслихатының 2023 жылғы 26 желтоқсандағы № 129/16-VIII шешіміне өзгерістер енгізу туралы.
2. «Астана қаласының учаскелік сайлау комиссиялары мүшелерін сайлау туралы» Астана қаласы мәслихатының 2023 жылғы 26 желтоқсандағы № 130/16-VIII шешіміне толықтырулар енгізу туралы.
3. Астана қаласында қолжетімді ортаны қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы.
4. Қылмыстық жазаларды және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындайтын мекемелердің қызметіне жәрдемдесу, сондай-ақ қылмыстық жазаларын өтеген адамдарға әлеуметтік және өзге де көмекті ұйымдастыру бойынша Астана қаласы әкімдігінің жанындағы консультациялық-кеңесші органның құрамы туралы.
5. Астана қаласы мәслихатының кейбір шешімдерінің күштері жойылды деп тану туралы.
6. Астана қаласы мәслихатының кейбір шешімдерінің күштері жойылды деп тану туралы.


Анықтама үшін телефондар: 55-66-36.

Т.ЗЕЙНҰЛҚАБДЕН,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

ТҮСІНДІРУ ШАРАСЫ ӨТТІ

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Астана қаласындағы Keruen кинотеатрында «Заң және тәртіп» аясында профилактикалық түсіндіру жұмыстары жүргізілді.



Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Іс-шара спикері – Астана қаласы Есіл ауданының прокуратурасы бөлім прокуроры Гүлден Ахметжанова кездесу барысында кинотеатрларда Қазақстан Республикасының заңнама талаптарын сақтау, кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау, жас шектеулерін қатаң сақтау, сондай-ақ қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерін кеңінен түсіндірді.

Сонымен қатар, келушілердің жасына қатысты күмән туындаған жағдайда жеке басын куәландыратын құжаттарды міндетті түрде тексеру, түнгі уақытта балалардың заңсыз кинотеатрға кіргізілуіне жол бермеу және алкогольдік немесе мас азаматтарды қоғамдық орындарға кіргізуге тыйым салу талаптары атап өтілді.

– Құқық бұзушылықтардың алдын алу – баршамызға ортақ жауапкершілік. Кинотеатр қызметкерлерінің заң талаптарын қатаң сақтауы келушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етіп қана қоймай, ең алдымен кәмелетке толмаған балалардың құқықтарын қорғауға тікелей ықпал етеді. Заң мен тәртіп талаптары мүлтіксіз орындалған жағдайда ғана қоғамдық орындар қауіпсіз ортаға айналады, – деді Гүлден Ахметжанова.



ҚАРЖЫ НАРЫҒЫ ХАЛЫҚҚА ҚОЛАЙЛЫ МА?

Қоғам болған соң, ондағы адамдардың әлеуметтік жағдайы да біркелкі болмайды. Бірі жеткілікті өмір сүрсе, бірі күнкөріс қамымен әртүрлі жағдайда қаржыға тәуелді болады. Оған бола олардың өмір сүру мүмкіндігіне тосқауыл қоюға ешкімнің қақысы жоқ. Сондықтан қанша жерден «қарызсыз қоғам» деп ұрандатқанымызбен, айғайымыз алысқа бармайды. Өйткені қаржылық нарыққа белгілі бір деңгейде бағынушылық қоғамда ешқашан жойылмайды. Себебі несие мен қарыздан мүлде ада қоғам ешқашан болған емес әрі болмайды да. Сондықтан бірінші банктердің мойнын заңға идіріп, халық деген құбылаға жүзін қаратуымыз керек. Олар халыққа тиімді, пайызы төмен қарыз беруде бәсекеге түссе әлдеқайда орынды болар еді.

Шапағат ӘБДІР

Әрине, мемлекет мүлде әрекетсіз отыр деуге болмайды. Дегенмен, соңғы жылдары бұл бағытта жүйелі жұмыстар жүргізіліп келе жатыр. Айталық, жақында ғана Президенттің алдында есеп берген Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы Мәдина Әбілқасымова өз баяндамасында бірқатар маңызды деректерді келтірді. Оның айтуынша банктердің активтері 11 пайызға өсіп, 68,3 триллион теңгеге дейін ұлғайып, капиталдың жеткіліктілігі 20,7 пайызды құраған.

БЫЛТЫР ҚАНША КРЕДИТ РӘСІМДЕЛДІ?

«Бизнеске берілген кредиттер 2025 жылдың қарашасындағы жағдай бойынша 17,9 пайызға артып, 14,8 триллион теңгеге жеткен. Кәсіпкерлер 17,5 триллион теңгеге жаңадан несие рәсімдеді. Банктер жалпы сомасы 2,3 триллион теңге болатын 8 синдикатталған жобаны біріктесіп қаржыландырды. Шағын және орта бизнесті кредиттеу ісін қолдау үшін 2025 жылдың маусым айында «Даму» қорының жанынан Кепілдік қоры құрылды. Бүгінге дейін 505 миллиард теңге көлемінде несие кепілдіктері берілді» деді Мәдина Әбілқасымова.

Агенттіктің қадағалау қызметі аясында өткен жылы қаржы нарығының барлық негізгі сегменттері қамтылғанын атап өтуге болады. Банктерге ондаған жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер жүргізіліп, сақтандыру, бағалы қағаздар, микроқаржы ұйымдары мен коллекторлық агенттіктер де бақылаудан тыс қалмаған. Тексерулер нәтижесінде жүздеген қадағалау шарасы қолданылып, заң талаптарын бұзған субъектілерге айыппұл салынған. Сонымен қатар, талаптарды жүйелі түрде орындамаған бірқатар микроқаржыландыру және коллекторлық агенттіктер лицензиясынан айырылған.

ҚАНША ҚАРЫЗ КЕШІРІЛДІ?

«Халықтың шамадан тыс кредит алуын азайту мақсатында банктер мен микроқаржы ұйымдары 703 мың азаматтың қарызын реттеп, ішінара кешірді. Жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заң қолданысқа енгелі бері банктер 56 мың адамның 209,7 миллиард теңге берешегіне кешірім жасады. Ипотекалық тұрғын үй займдарын қайта қаржыландыру бағдарламасы аясында 1,2 мың қарыз алушыға қолдау көрсетілді» деді агенттік төрағасы.

АРНАЙЫ ЗАҢҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ

Алайда біз неге азаматтарымыздың кредиттеріне дейін кешіруге құлықты болғанымызда банктердің пайыздық мөлшерлемесін төмендетуді ойланбайтынымыз түсініксіз. Егер банктердің пайыздық мөлшерлемесін 10 пайыздан асырмасақ, онда көптеген азаматтар қиналмай-ақ алған қарыздарын еш масылдықсыз өтер еді. Бұл – бір делік. Екіншіден, Президенттің өзі жақында «Банктер және банк қызметі туралы» Заңға қол қойды. Мемлекеттік БАҚ аталған заңды тәпсірлегенде «енді банкке берілетін лицензияның 2 түрі енгізіледі. Базалық және әмбебап деп аталады. Одан бөлек, құжаттағы өзгерістердің бірқатарын атап өтсек: Егер азамат өмірінде алғаш рет несие алатын болса, мұндай жағдайда ол банкке барып, биометриялық сәйкестендіруден өтуге міндетті болады» деп гулетті. Әрі заң аясында енді кез келген қазақстандыққа 1 сағат ішінде бірнеше несие рәсімдеуге тыйым салынатыны айтылып, қарапайым халық банктердің жұмысы реттелетін болды деп сенді. Сол қуанғандардың қатарында өзіміз де бармыз. Өйткені банктердегі бәсеке күшейсе, халықтың да, өзіміздің де жағдайымыз жақсарары анық.

> Егер қаржы нарығында шынайы бәсеке болса, әр банк клиент тарту үшін кредит рәсімдеп емес, қайта керісінше пайыздық мөлшерлемесін төмендетуге, шарттарын жеңілдетуге тырысар еді. Алайда іс жүзінде олай емес. Банктердің көпшілігі бірдей немесе бір-біріне өте жақын пайыздық мөлшерлеме ұсынып отыр. Халық қай банкке барса да, түпкі нәтижесі мен төлемі бірдей

ҚАРЫЗ БЕРУ ӘЛІ ТОҚТАМАҒАН

Алайда банктер бұл заңға пысқырып да қарамайтын сыңайлы. Керісінше олар атыңызға онлайн кредит рәсімделіп тұрғанын айтып, хабарламалар жіберіп, бізді кредит алуға қызықтыруда. Және оны сіздің өзіңіз банкке барып алу қажеттігі жоқ деп көрсетеді, керісінше, онлайн рәсімдеуді «оңай әрі ыңғайлы» деп насихаттайды. Сонда бұл президент өкілетін елемеу ме, әлде халықты ғана емес, заңды да елемейтін банк әрекеті ме?

Мәселен, 20 қаңтар күні маған «Кез келген мақсатқа кепілсіз 9 500 000 теңгеге дейін несие. Мөлшерлеме – 19-38%, СЖТМ – 23,2-45,9%. Дәл қазір рәсімдеңіз: https://home.kz/e-loan-lom/login?iframe_id=589473» деп Home Credit банк хабарлама жіберіпті. Яғни, сіз банкке ешқандай да кредит рәсімдеу туралы өтініш қалдырмасаңыз да олар сыртыңыздан тон пішіп, сізге лайықты деп тапқан соманы ұсынады да жатады.

БАНКТЕРДЕ БӘСЕКЕ КЕМ

Егер қаржы нарығында шынайы бәсеке болса, әр банк клиент тарту үшін кредит рәсімдеп емес, қайта керісінше пайыздық мөлшерлемесін төмендетуге, шарттарын жеңілдетуге тырысар еді. Алайда іс жүзінде олай емес. Банктердің көпшілігі бірдей немесе бір-біріне өте жақын пайыздық мөлшерлеме ұсынып отыр. Халық қай банкке барса да, түпкі нәтижесі мен төлемі бірдей. Бұл жағдайды экономикалық тұрғыдан жасырын келісім деп сипаттауға болады. Мұнда банктер ашық түрде уағдаласпаса да, бірбірінің әрекетін қайталап, пайыздық мөлшерлемені шамалас деңгейде ұстап отырады. Мұндай «ойында» басты мақсат – өзара бәсекеге түспей, тұрақты табысты сақтап қалу. Ал ұтылатын – қарапайым халық. Себебі таңдау бар сияқты көрінгенімен, шын мәнінде ол формалды ғана. Бұл – олигополиялық нарыққа тән ойын түрі. Яғни нарықты санаулы ірі ойыншылар бақылап отыр, ал олар бір-біріне қарсы шыққаннан гөрі, үндемей бір бағытта әрекет етуді тиімді деп санайды. Сондықтан да олардың санасында бірдей «Халық қайсымызға келсе де, бәрібір бірдей шартқа келіседі» деген түсінік қалыптасқан.

Ал банктер туралы заңның басы-қасында болдық деген депутаттар, енді банктердің онлайн кредит рәсімдеуі қиындасады деп шыр-пыр болады.

– 90 пайыз жағдайда онлайн несие бергенде ол несие алаяқ несие болып шыққан. Бұған банктер өзі кінәлі. Банк ішіндегі қызметкерлердің бұл алаяқтыққа тікелей қатысы бар. Себебі көп жағдайда он минутта шот ашылып, он минут ішінде несиеге арыз жазылып, он минутта несиеге рұқсат беріліп, он минуттың ішінде биометерия өтіп, он минуттың ішінде бүкіл құжаттар дайындалады. Тіпті айлық сәйкес келмесе де сізге несие беріледі. Мұның бәрі – алаяқтық. Әрі осыған дейін сіздің рұқсатыңызсыз электронды үкіметке кіріп, сізге несие рәсімдеген болса, ол банктің заңсыздығы, – дейді Парламент Мәжілісінің депутаты Мұрат Әбенов.

Сонымен қатар, депутат алдағы уақытта банкке адам аяғымен бармаса, несие берілмейтінін айтқан. Біз осы пікірге сеніп, қазақстандық банктердің сайттарын қарап көрдік.

Мысалы, «Береке» банктің сайтына кіргенде бірден көзімізге «Кепілсіз кредитті онлайн 2 минутта рәсімдеңіз» деген жарнама түсті. Яғни, халыққа онлайн несие алу мүмкіндігі әлі де ашық. Ал ЦентрКредит банкі өз кредиттік қызметін жарнамалағанда «Оңай, кепілсіз, анықтама талап етпей, кредиттеу мақсатын көрсетпей-ақ» деп сілтепті. Мұны көрген соң «депутат айтқандай, банктер енді онлайн несие бермей ме, әлде олар өз жарнамаларын жасауда заңның өзін көзге ілмей ме?» деген сауал туындайтыны сөзсіз.

STALKING ҚАУПІН ҚАЛАЙ СЕЙІЛТЕМІЗ?

Астана қаласы Полиция департаменті «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында елордадағы «Достық» үйінде «STOP Stalking және тәуекел аймағы» тақырыбында семинар өткізді. Іс-шара әйелдер мен балалардың еркіндігі және құқығын қорғауға, сталкинг профилактикасының бірыңғай тәсілдерін әзірлеуге, тұрмыстық отбасылық зорлық-зомбылықтың, сталкинг фактілерінің алдын алуға бағытталды.

Райхан РАХМЕТОВА

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Жиынға мемлекеттік органдар, құқыққорғау, сот, үкіметтік емес ұйымдар, денсаулық сақтау басқармасы, білім басқармасы, прокуратура, Қорғаныс министрлігі және басқа да мүдделі ведомстволар өкілдері қатысты. Шымкентте 21 жасар Нұрай есімді қыздың сталкинг құрбаны болу оқиғасынан кейін қоғамның қауіпсіздік мәселесіне алаңдаушылығы күшейді. Осы жағдай және биыл қаңтар айының өзінде Астанада сталкинг бойынша 12 фактінің тіркелуі зорлық-зомбылықтың кез келген түріне мүлдем төзбеу қағидатын жүзеге асыру және ведомствоаралық өзара іс-қимылды күшейту қажеттілігін көрсетті. 2025 жылы 16 шілдеде Президент «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне ҚР қылмыстық заңнамасын оңтайландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойды. Құжат некеге мәжбүрлеу, сталкинг үшін қылмыстық жауапкершілікті қарастырады.

– Сталкинг – бір адамның екінші бір адамға немесе топқа қалауына қарсы тұрақты түрде назар аударуы, мазалауы, аңдуы немесе қорқытуы. Бұл – жеке шекараны бұзатын, психологиялық қысым тудыратын, қылмыстық жауапкершілікке әкеп соғуы мүмкін қауіпті әрекет. Мұндай әрекеттер үшін 200 АЕК-ге дейін айыппұл салу, 200 сағатқа дейін қоғамдық жұмысқа жегу немесе 50 тәулікке дейін қамау көзделген. Егер сталкинг зорлық көрсету, қауіп төндіру немесе бопсалау сияқты әрекеттерге ұласса, сонымен қатар жеке өміріне қолсұқпаушылық ережесі бұзылса, мұндай қылмыс қосымша Қылмыстық кодекстің басқа да баптары бойынша қарастырылады, – деді Астана қаласы Полиция департаменті отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күрес жөніндегі бөлім бастығы Алмагүл Исмағұлова.

ҚР 125-1 бабы, яғни некеге мәжбүрлеу бойынша Астанада жыл басынан бері фактілер тіркелмеген. Дегенмен елімізде бұл жағдайлар орын алып отыр. Сондықтан құқық қорғау органдары елордалықтарды зорлық-зомбылықтың қай түріне ұшыраса да, оларды қорғаушылар бар екенін жеткізді. Сол ретте бірнеше қызмет түрлерін атады. Атап айтқанда, тәулік бойына істейтін 111 немесе 71-60-63 сенім телефондарына, дағдарыс орталықтарына, 102 полиция нөміріне соғып, хабарласа алады. Бүгінгі таңда Астанада «Үміт» және «Қорғау-Астана» дағдарыс орталықтары, «Ана үйі» қоғамдық қоры, Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арналған орталық жұмыс істейді. Сонымен қатар «Жанұя» отбасы институтын қолдау орталығы да уақытша баспанамен қамтамасыз етіп, психолог, заңгер және басқа да мамандар қызметін ұсына алады. Жыл басынан бері дағдарыс орталықтарына 17 әйел мен 28 бала жіберілген. Сонымен қатар 58 адамға оңалту сипатындағы психологиялық көмек, 39 адамға әлеуметтік және 9 адамға заң қызметі көрсетілген. 2026 жыл басталғалы «102» арнасына хабарласатындар саны 11,5 пайызға азайған.

Семинар барысында сталкинг белгілері туралы арнайы бейнеролик көпшілік назарына ұсынылды. Астана қаласы Полиция департаменті Қоғамдық қауіпсіздік басқармасының басшысы, полиция полковнигі Марат Өмірбаев та сөз сөйлеп, осы мәселелер бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Өзге де құқық қорғау органдарының өкілдері қатысушылардың өзекті сұрақтарына жауап берді.

ЕСЕП ТАПСЫРУДЫҢ СОҢҒЫ МЕРЗІМІ

Астана қаласының Мемлекеттік кірістер департаменті азаматтарға есептілікті тапсыру мерзімінің аяқталуына 2 күн қалғанын хабарлайды. 15 ақпан демалыс күніне сәйкес келуіне байланысты есеп тапсырудың соңғы мерзімі 16 ақпанға ауыстырылады.

Көрсетілген күнге дейін төмендегі нысандар бойынша есептілік тапсыру міндеті туындайды:

-101.03-нысан – Төлем көзінен резиденттің табысынан ұсталған КТС бойынша есеп (2025 жылдың 4-тоқсаны үшін)

-200.00-нысан – Жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша декларация (2025 жылдың 4-тоқсаны үшін)

-300.00-нысан – Қосылған құн салығы бойынша декларация (2025 жылдың 4-тоқсаны үшін)

-400.00, 421.00-нысандар – Акциз бойынша декларация және құрылымдық бөлімшелер үшін есеп (2025 жылғы желтоқсан үшін)

-701.01-нысан – Мүлік салығы бойынша ағымдағы төлемдер есебі (2025 жылдың 4-тоқсаны үшін)

-710.00-нысан – Ойын бизнесі салығы бойынша декларация (2025 жылдың 4-тоқсаны үшін)

-860.00-нысан – Жерүсті су объектілерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем бойынша декларация (2025 жылдың 4-тоқсаны үшін)

-870.00-нысан – Қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін төлем бойынша декларация (2025 жылдың 4-тоқсаны үшін)

-880.00-нысан – Цифрлық майнинг үшін төлем бойынша декларация (2025 жылдың 4-тоқсаны үшін)

-910.00-нысан – Шағын бизнес субъектілеріне арналған оңайлатылған декларация (2025 жылдың 2-жартыжылдығы үшін)

-913.00-нысан – Бөлшек салықтың арнайы салық режимін қолданатын салық төлеушілерге арналған декларация (2025 жылдың 4-тоқсаны үшін)

Сонымен қатар, 20 ақпаннан кешіктірмей келесі нысандар ұсынылуы тиіс:

-328.00-нысан – Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініш

-851.00-нысан – Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемдердің ағымдағы сомаларының есебі

Салықтар мен төлемдерді төлеу мерзімі 2026 жылғы 25 ақпаннан кешіктірілмеуі тиіс.

Толығырақ ақпаратты 1414/3 нөміріне хабарласу арқылы немесе @astana_mkd_dgd_astana Instagram парақшасы бойынша ала аласыздар.

Қымбат ИСЕНОВА,
Астана қаласы бойынша МКД түсіндіру жұмысы басқармасының басшысы

№18 (4916) 14/02/2026 Сенбі

ҚАЛАМЫ ҚАРЫМДЫ ДИПЛОМАТ

1988 жылы ҚазМУ-дың журфагын үздік бітірген Гүлсім Еңсепова «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетіне тілші болып қызметке орналасты. Гүлсімнің оқу орнының қабырғасынан түлеп ұшпай тұрғанда-ақ мүйізі қарағайдай журналистердің қолдары жетпей жүрген еліміздің бас басылымына жұмысқа орналасқанына сүйсінгендер де, таң қалғандар да көп болды. Әрине, содан кейін бүкіл журфакта оған қатысты қызыға, тамсана айтылар әңгімелер өрбиді...



Сөйтіп Гүлсімге әркімге арман болған Алматыда қалып, арада бір жыл өтпей жазушы-журналистер тұратын үйден пәтерлі болды. Бағы жанған бойжеткен бақытты жанның үлесіне тиесілі барша жақсылықты уысында ұстады. Көп ұзамай аға тілші лауазымына көтерілді. Журналист ретінде тоқыраудың соңы мен тәуелсіздік таңындағы өтпелі кезеңде ел ішіндегі ең өзекті мәселелерді қозғады. «Шу бойын шулатқан шөп» циклді мақаласында нашақорлық проблемасын мейлінше аша алды. Бұл – күні бүгінде де күн тәртібінде тұрған көкейкесті мәселе. Ал «Түрме. Тағдыр. Әйел», «Алақан жаюшылар», «Қыз қылығымен», «Адамның бір қызығы бала деген..» мақалалары оқырмандарға үлкен ой салып қана қоймай, бүкіл қоғамның назарын осынау өзекті мәселелерге аударды. Нәтижесінде қаламы жүйрік журналисті КСРО Журналистер Одағының мүшелігіне қабылдады.

Кейін «Социалистік Қазақстанның» парламенттік тілшісі болып жүргенінде ҚР Жоғарғы Кеңесінен еліміздің Президенттік басқару жүйесіне көшуі жайында сараптамалық мақала, Парламент қабырғасындағы егемендік жөніндегі пікірталастардан «жанды» репортаждар жазды.

Гүлсім Еңсепова «Социалистік Қазақстанда», кейін «Егемен Қазақстан» беттерінде еліміздің өркендеп дамуын, Астананың көшуін, халықаралық аренада Қазақстанның беделінің артуын кеңінен насихаттады. Іссапармен бірнеше шетелдерге барып, халықаралық тақырыпты көтеріп, тұңғыш елшілерден сұхбаттар алды.

Баспасөз беттерінде осындай халықаралық тақырыпты және елімізде ашылып жатқан елшіліктер туралы тұрақты жазғандықтан, оған Сыртқы істер министрлігінің Баспасөз қызметіне жұмысқа шақырған ұсыныс түсті. Одан әрі қарайғы уақытта Гүлсім жауапкершілігі жоғары мемлекеттік қызметке ауысты.

Ол Сыртқы істер министрлігінің ведомстволық «Дипломатия жаршысы» журналының қазақша бөлімінің редакторы болды. Баспасөз қызметінде, Мемлекеттік тіл басқармасында үшінші, екінші, Ресей басқармасында бірінші хатшы, кеңесші, Бақылау және құжат айналымы, Ақпаратты қорғау басқармаларында басқарма басшысы лауазымдарында жемісті жұмыс жасады. Сонымен бірге, шет елдерде елімізді танытуға үлес қосып, Германия (1994-1996 жж.), Венгрия (2003-2004 жж.), Беларусь (2014-2017 жж.) елдеріндегі Қазақстанның Елшіліктерінде пресс-атташе, үшінші хатшы, кеңесші секілді жауапты дипломатиялық қызметтерді атқарды.

Дипломат болғандықтан Гүлекең неміс, ағылшын, испан тілдерін жақсы меңгерген. Халықаралық қатынастар мамандығын меңгеру мақсатында ол 1997 жылы ең алғаш ашылған ҚР Сыртқы істер министрлігі Дипломатиялық Академиясына оқуға түсіп, 1999 жылы оны бітірген бойда арнайы қоныс аударушылар бұйрығымен Астанаға шақырылды. Сыртқы қарым-қатынас мәселесіне біржола бет бұрғаннан кейін халықаралық нормаларды терең түсіну мақсатында екі жылдан астам уақыт Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінде Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінде консультант болғаны бар. Сол мезеттерде көптеген заңдарды, оның ішінде қазіргі қолданыстағы «Дипломатиялық қызмет туралы» заңды шығаруға белсене атсалысты. Дипломатия саласындағы білімін жетілдіріп, Мәскеудегі Ресей Федерациясы Сыртқы істер министрлігінің Дипломатиялық академиясын тәмамдады. Бүгінде ол ҚР Сыртқы істер министрлігінің Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы бойынша үшінші департаментінің кеңесшісі. Жоғары дәрежелі I сыныпты кеңесші дипломатиялық рангісін иеленген.

Күнделікті жұмыс уақытына бағына бермейтін – ерте барып, кеш қайтатын мемлекеттік қызметте 33 жылға жуық жүрсе де, Гүлекең өзінің ішкі миссиясы – руханият дүниесіндегі ізденуден іргесін аулақ салған емес. «Фариза Оңғарсынова – публицист» деген кандидаттық тақырыбын бекітіп, диссертациясын 2008 жылы жазып бітті. Оны абыроймен қорғап, филология ғылымдарының кандидаты атанды. Көп ұзамай 2009 жылы «Ф.Оңғарсынова – публицист» монографиясы басылып, көпшілікке жол тартты.

Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Фариза ақын шығармашылығын зерттеу барысында кенен дүниеге кенелген Г.Еңсепова қазақтың аяулы қызы туралы бірнеше көркем эсселер жазды. Сол эсселері мен ғылыми-очерктерін топтастырып, 2016 жылы «Фариза – көсемсөз патшайымы» атты кітабын жұртшылыққа ұсынды.

Дипломатия саласына ауысса да журналистикадан қол үзбеген абзал жан мақалалар, түрлі сұхбаттар, эсселер жазып келген еді. 2023 жылы осы публицистикалық дүниелері топтасқан «Ұшқыр қалам» атты кітабы жарық көрді. Бұл жинақ өмірді енді бастаған талапкер журналистер үшін әдістемелік құрал ретінде құнды деп ойлаймыз.

Гүлсім – біржақты ғана емес, қабілеті алуан салаға жететін ұшқыр қалам иесі. Ол балаларға арналған өлең, әңгіме, ертегі жазумен де шұғылданыпты. Әңгіме-ертегілері кезінде «Қазақстан пионері», «Ұлан» газеттерінде, «Балдырған», «Мөлдір бұлақ» журналдарында жарияланып, тараған. Осы туындыларына жаңа шығармаларын қосып, 2024 жылы «Балғын дауыс» деп аталатын кітабын балапандарға базарлық ретінде ұсынды.

Ал былтыр 2025 жылы «Отыз жылдың ой-толғауы» деп аталатын кітабы көпшілік қолына тиді. Онда автор мемлекет және қоғам қайраткері Қуаныш Сұлтановпен сырласа отырып, диалог құрады.

Қазіргі уақытта Гүлсім Бақытқызы БАҚ-пен тығыз байланыс орнатқан, республикалық басылымдарға үнемі мақалаларын жариялап тұрады. Сонымен қатар, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Журналистика және әлеуметтік ғылымдар факультетінің доцент-практигі ретінде ақпарат саласы қызметкерлерін, жас журналистерді дайындауға белсене араласып, түрлі тақырыпта ғылыми конференцияларда баяндамалар жасап, дәрістер оқу үстінде. «Еңбегіне қарай – құрмет» деп дана халқымыз айтқандай, Гүлсімнің 40 жылға жуық тынымсыз еңбегінің нәтижесі бірнеше мемлекеттік, халықаралық, ведомстволық наградалармен аталып өткен.

Гүлсім Бақытқызы әйел бақытты бұйырған – аяулы жар, ардақты ана. Дипломат, қаламгер және бақытты ана болу екінің біріне бұйыра бермейтін бақ...

Әділбек АЛПЫСБАЙ,
журналист



ЖАҢА РОМАН ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Ұлттық академиялық кітапханада белгілі ақын, жазушы Сайлау Байбосынның «Ажалын жоғалтқан адам» кітабының таныстырылымы өтті.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Кітапқа атау берген роман детектив жанрында жазылды. Шығармада автор бір адамның тағдыры арқылы адамзатқа ортақ мәңгілік құндылықтарды – адалдық пен сатқындықты, мейірім мен қатыгездікті, махаббат пен төзімділікті тереңнен ашады. Роман оқиғасы кеңестік кезеңнен басталып, бүгінгі тәуелсіз дәуірмен сабақтас өрбиді.

Кітаптың бас кейіпкері Арғынның басынан өткен небір адам баласы төзбес қасірет пен қиыншылық, Құралайдың оған деген адал махаббаты шығарманың жалпы лейтмотиві десе де болады. Шығарманың басты идеясы – қандай ауыр жағдайда да адам болып қалу, адамгершілікті сақтау қажеттігі тереңнен суреттелген.

Ұлттық академиялық кітапхана мен «Амангелді Иман» қоғамдық қоры ұйымдастырған таныстырылымда романға жоғары баға берілді. Шығарма тілі Жүсіпбек Аймауытовтан тамыр тартатынын, себебі автор классик қаламгер шыққан ауылда туғаны атап өтілді.

Алғашқы болып сөз сөйлеген белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы Серік Негимов кітаптың құрылымына тоқталып, романды «тағдырнама» немесе «қасіретнама» деп атады. Көрнекті жазушы Мәди Айымбетов шығарма роман жанрының барлық талабына жауап беретінін атап өтті. Белгілі ақын, Парламент Мәжілісінің депутаты Қазыбек Иса туынды бейнелі тілмен жазылғанын, роман атауының өзі оқырманды тартатынын айтты. Ақын, жазушы, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Журналистика» кафедрасының деканы Нұржан Қуантайұлы автордың қаламының қарымына тоқталды. Сондай-ақ Парламент Сенатының депутаты Алтынбек Нухұлы, жазушылар Айгүл Кемелбаева мен Жұмағали Қоғабай, журналистика ардагері Бәдуан Имашұлы, кәсіпкер Еркін Сейітжанов, журналист Әсел Жақсыбай, елордадағы Орталық балалар және жасөспірімдер кітапханасының кітапханашысы Сағыныш Дүйсенқызы, т.б. адамдар жылы пікірлерін жеткізді.

Өкініштісі, осындай қызықты кітап 200-ақ данамен шықты. Таныстырылымды түйіндеген кітап авторы аймақтардағы қаламгерлердің әдеби ортамен араласу мәселесі туралы сөз сабақтап, сондай мүмкіндік берген іс-шараны ұйымдастырушыларға, жалпы жиналған қауымға және отырысты мағыналы етіп жүргізген белгілі актер Сағаділла Үсібәлиевке алғысын білдіріп, романның қалай туғанын, оған не себеп болғанын қысқаша баяндап, «Амангелді Иман» қорының төрайымы Толқын Сұлтановаға Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының 20 томдығын сыйлады.

ҚҰРМЕТТІ ҰСТАЗ, ҚАДІРЛІ АРДАГЕР

Қазақстан Республикасының білім беру саласының құрметті қызметкері әрі еңбек ардагері Сүйіндіков Отызбай Сүйіндікұлы ағамыз ортамызда болса, биыл 95 жасқа толар еді...

1931 жылғы 16 ақпанда Ақмола облысы Қорғалжын ауданы Жантеке ауылында дүниеге келіп, кішкентайынан (5 жасында) әкесінен айрылған Отызбайдың жастық шағы соғыс жылдарына тұспа-тұс келді. Ол жұмыс істеді, еңбек майданында нан жинауға көмектесті, масақ жинады, мал бақты, тылда ерен еңбек атқарды.

Осындай ауыр жұмыста жүрсе де сабақтан қол үзбей оқып, зеректігін таныта білді, өте жақсы деген бағамен оқыды. Бір сыныптан екінші сыныпқа көшерде, оның үлгерімін мұғалімдері басқаларға үлгі етіп көрсететін болды.

Ақмола қаласындағы Сталин атындағы орта мектепті 1947 жылы үздік бітірген Отызбай Сүйіндікұлы жоғары оқу орнына бірден бармай, туған ауылы Тыңғылыққа келіп мұғалім болып істеді. Бір жылдан соң Алматыдағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетіне түсіп, аталған оқу орнын 1953 жылы ойдағыдай тәмамдады. Университет жолдамасымен Ақмола қаласындағы Жамбыл атындағы №4 орта мектепке тарих пәнінің мұғалімі болып орналасты. Алған жоғары білімін нақты тәжірибемен ұштастырып, осы ірі де іргелі мектептің жоғары сыныптарына дәріс берді. Өзінің білімді азамат екенін аз уақытта танытып, оқушылар мен ата-аналар арасында үлкен беделге ие болды. Қалалық оқу бөлімінің нұсқаушысы лауазымында қызмет атқарған жылдары Отызбай Сүйіндіков қаладағы барлық мектептердің білім беру сапасын тексеріп, мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсету міндетін артығымен жүзеге асырды. Оның білімі мен тәжірибесі әр қырынан толығып, біліктілігі қалыптасып, толықты.

1959 жылы О.Сүйіндіков облыстағы барлық қазақ мектептерінің тірегі болып саналатын Ақмола



қаласындағы №4 орта мектепке директор болып тағайындалды. Сол кездегі мыңнан астам бала оқитын мектептің базасы талапқа сай емес еді. Қала басшылығымен тайталаса жүріп, сол кездегі талапқа сай ғимаратқа көшірілді. Нақ сол жылдары мектеп оқушыларын еңбекке баулу мәселесі күн тәртібіне қойылған еді. Қаржы мәселесі ырық бермей тұрған заманда жолын тауып, шеберхана салып, мектеп оқушыларының еңбек сабағында тәжірибе жүргізетін озық еңбек шеберханасын іске қосты.

1972 жылдан бастап Отекең Әділбек Майкотов атындағы педагогикалық училищеге басшылыққа келді. Содан бері отыз жылдан артық уақыт артта қалды. Сол кездегі училище қазір гуманитарлық колледж болып аталады. Оқу мекемесінің аты өзгергенімен, Отекең қалыптастырған білім беру мен оны тәжірибемен ұштастыру дәстүрі сол Отекең басшылық жасаған қалпынан өзгермеген. Кеңес үкіметі кезінде шәкірттердің саны екі мыңға жеткен кездері болды. Одақ бойынша білім беру сапасы жағынан үшінші орынға көтеріліп, педагогтар даярлаудағы еңбектері үздік бағаланды. Қазіргі кезде осы оқу орнынан қанат қаққан шәкірттердің алды ғылым докторы, профессор дәрежесіне жетті. Отызбай Сүйіндікұлы директор болған жылдары осы оқу орнының жаңа кешенді ғимаратының құрылысы басталды. 576 орындық екі студенттік жатақхана және 1200 орындық оқу корпусы салынды. Материалдық базаны дамыту жөнінен колледж республикалық байқауда бірінші орын алды.

Отызбай Сүйіндікұлы елорданы Алматы қаласынан Астана қаласына көшіруге белсенді қатысты. Өскелең ұрпаққа арналған озық педагогикалық кадрларды тәрбиеледі. Оның жанқиярлық еңбектері жоғары бағаланып, «Еңбек Қызыл Ту» орденімен, «Тың жерлерін игергені үшін» мерекелік медальмен, еліміздің бірқатар мерекелік медальдары және құрмет грамоталарымен марапатталды. Еңбектегі ерен табыстары үшін 1985 ж. Қазақ КСР Алтын кітабына жазылды, «ҚР білім саласына еңбек сіңірген қызметкер» атағы берілді.

Сонымен қатар, Астана қаласының және Қорғалжын ауданының құрметті азаматы атағына ие болған Отызбай Сүйіндікұлы елорда мен Қорғалжын ауданының қоғамдық-саяси өміріне белсенді араласты.

2023 жылы Астана Халықаралық университетінің педагогикалық колледжінде атақты ұстазға арнайы музей ашылды. Бүгінде колледжде О.Сүйіндіков атындағы арнайы кабинет жұмыс істейді. Келешекте қалалық білім басқармасы марқұмның педагогикалық жолынан ерекше тәсілдерін қолдана келе, ұстаздарға арналған методикалық құрал-жабдықтарды шығару жолдарын қарастыру жөніндегі ұсыныс Отызбай Сүйіндік қарияны еске алу кешінде айтылды. Сонымен қатар, колледж ұжымы тиісті ресімдерді жүргізу арқылы осы колледжге марқұмның атын беруге ұсыныс енгізуді қарастыруда.

Отызбай Сүйіндікұлы асыл жары Светлана Нұрымқызы екеуі төрт перзент тәрбиелеп өсірді. Олардың бәрі өмірден өз жолдарын тауып, жоғары білімді маман атанды. Сол балаларынан көрген немере-жиендерін тәрбиелеп, солардың қызығын көрген ұлы ұстаз рухани жебеуші ретінде барлығымыздың жадымызда мәңгі сақталады.

Астана қалалық
Ардагерлер кеңесі

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 11.02.2026 №510-501

Астана қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына сәйкес, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының Бас жоспарын іске асыру мақсатында Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Астана қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына қосымшаға сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

2. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

Әкім Ж. Қасымбек

Астана қаласы әкімдігінің 2026 жылғы «11» 02 № 510-501 қаулысына қосымша

Өзгерістер енгізілетін Астана қаласы әкімдігінің бұрын қабылданған қаулыларының тізбесі

1. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 13 ақпандағы № 510-227 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармағындағы «2023 жылғы 12 маусымнан 2024 жылғы 12 маусымға дейін» деген сандар мен сөздер «2026 жылғы 27 сәуірден 2027 жылғы 27 сәуірге дейін» деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын.

2. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 20 желтоқсандағы № 510-4523 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармағындағы «2025 жылғы 10 қарашадан 2026 жылғы 10 қарашаға дейін» деген сандар мен сөздер «2026 жылғы 27 сәуірден 2027 жылғы 27 сәуірге дейін» деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын.

3. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 29 қазандағы № 510-3278 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармағындағы «2025 жылғы 1 қаңтардан бастап 2026 жылғы 1 қаңтарға дейін» деген сандар мен сөздер «2026 жылғы 27 сәуірден 2027 жылғы 27 сәуірге дейін» деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын.

4. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 5 ақпандағы № 510-325 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармағындағы «2024 жылғы 22 сәуірден 2025 жылғы 22 сәуірге дейін» деген сандар мен сөздер «2026 жылғы 27 сәуірден 2027 жылғы 27 сәуірге дейін» деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын.

5. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 11 қазандағы № 510-3157 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармағындағы «2025 жылғы 1 қаңтардан 2026 жылғы 1 қаңтарға дейін» деген сандар мен сөздер «2026 жылғы 27 сәуірден бастап 2027 жылғы 27 сәуірге дейін» деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын.

6. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 1 маусымдағы № 510-1613 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулыдағы қосымшаға:

«Жер учаскенің кадастрлық нөмірі» деген бағанда:

реттік нөмірі 531-жол «21-318-042-273» деген сандар «21-318-042-435» деген сандармен ауыстырылсын;

«Жер учаскесінің ауданы (ш.м.)» деген бағанда:

реттік нөмірі 531-жол «23,4» деген сандар «24» деген сандарға ауыстырылсын.

«Құқық» деген бағанда:

реттік нөмірі 531-жолға «Уақытша өтеулі жер пайдалану (дейінгі мерзімге 15.01.2014ж.)» деген сөздер «Жеке меншік» деген сөздермен ауыстырылсын.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 11.02.2026 №510-502

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Астана қаласының Коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесіне қоса беріліп отырған қосымшаға сәйкес «Техникалық су құбырының 2-ші желісі» объектісінің іздестіру және жобалау жұмыстарын жүргізу үшін, Астана қаласы, «Алматы» және «Сарайшық» аудандары, Тельман тұрғын алабы ауданындағы сорғы станциясынан Индустриалды парк сорғы станциясына дейін мекенжайында орналасқан, жалпы ауданы учаске 1 – 0,2605 га, учаске 3 – 6,1109 га, учаске 5 – 0,9894 га, учаске 7 – 2,2933 га, жер учаскелері 2026 жылғы 2 наурыздан бастап 2027 жылғы 2 наурызға дейін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп, оның ішінде сатып алу жолымен иеліктен шығарылсын.

2. «Астана қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін үш күнтізбелік күннен кешіктірмей меншік иелеріне және жер пайдаланушыларға мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелері және басқа жылжымайтын мүлік алдағы уақытта мәжбүрлеп иеліктен шығарылатындығы туралы жазбаша хабарлама жолдасын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіпте, сондай-ақ осы қаулыдан туындайтын басқа да іс-қимылдарды орындасын.

3. Қаржыландыру және осы қаулының орындалуына жауапкершілік Басқармаға жүктелсін.

4. Меншік иелері және жер пайдаланушылар алдағы уақытта жүргізілетін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарлама алған сәттен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде Астана қаласының әкімдігіне тиісті өтініш беру жолымен келісім рәсімдеріне бастама жасауға құқылы.

5. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

Астана қаласының әкімі Ж. Қасымбек

Астана қаласы әкімдігінің 2026 жылғы « 11» 02 № 510-502 қаулысына қосымша

Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер учаскесі

Р/с №	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесі және жер пайдаланушы	Жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Алып қойылатын жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Құқығы
1	2	3	4	5	6	7	8
1	21-318-145-2581	«Selectum» ЖШС	33028	450	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, А 128 көшесі, №78/40 учаске	Ауыл шаруашылығы өндірісі үшін	Жеке меншік
2	21-318-063-438	«Астана қаласы әкімдігінің «Астана су арнасы» ШЖҚ МКК	30222	165	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, 92 көшесі, №3 ғимарат	Сорғы станциясын, әкімшілік-тұрмыстық ғимаратты, бақылау-өткізу пунктін, кеңейту, гаражды пайдалану (3-кезең, 4-ші іске қосу кешені)	Тұрақты жер пайдалану
3	21-318-096-526	Сатмагамбетов Габит Хакимович	880	84	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Журавушка» бау-бақша қоғамы, Солнечная көшесі, №172 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
4	21-318-096-051	Ивженко Татьяна Владимировна, Ивженко Виктор Павлович	490	26	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Журавушка» бау-бақша қоғамы, Луговая көшесі, №151 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
5	21-318-066-572	«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ	93918	6684	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, Ақжол даңғылы, 116 учаске	Орманды қорғау белдеулерін пайдалану	Уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану (18.02.2030 жылға дейінгі мерзімге)
6	21-318-066-792	«Crystal-Auto Plus» ЖШС	15000	225	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Астана-Қарағанды тас жолы, №21 учаске	Автомобиль кешенін салу үшін	Уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану (05.10.2026 жылға дейінгі мерзімге)
7	21-318-096-589	«GPark (ДжиПарк)» ЖШС	827	133	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Зеленый Остров» бау-бақша қоғамы, Цветочная көшесі, №13 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
8	21-318-096-1113	«GPark (ДжиПарк)» ЖШС	561	109	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Вишневый Сад» бау-бақша қоғамы, Цветочная көшесі, №9Б учаске	Бағбандық	Жеке меншік
9	21-318-096-597	Сатмагамбетов Габит Хакимович	662	108	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Зеленый Остров» бау-бақша қоғамы, Цветочная көшесі, №22 учаске	Бағбандық	Ортақ бірлескен меншік
10	21-318-096-267	Нұрымбет Кайрат Әділханұлы	740	46	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Силикатчик» СУИТК, №38 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
11	21-318-095-121	Адильбекова Айгерим Каирбековна, Адильбеков Жанат Талгатович	670	2	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Зеленая Роща» СУИТК, №138 учаске	Бағбандық	Ортақ бірлескен меншік
12	21-318-145-2682	«Absolut Stroy» ЖШС	4374	322	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, А 106 көшесі, №1 учаске	Ауыл шаруашылығы өндірісі үшін	Жеке меншік
13	21-318-145-2584	«Selectum» ЖШС	91745	5910	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, А 128 көшесі, №78/41 учаске	Ауыл шаруашылығы өндірісі үшін	Жеке меншік
14	21-318-096-590	«Антарес Проект KZ» ЖШС	672	134	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Зеленый Остров» бау-бақша қоғамы, Цветочная көшесі, №15/1 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
15	21-318-096-896	«Construction Nur Trade» ЖШС	833	133	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Зеленый Остров» бау-бақша қоғамы, Цветочная көшесі, №7 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
16	21-318-145-2544	«Selectum» ЖШС	14051	1018	Астана қаласы, «Саарайшық» ауданы, А 128 көшесі, №78/69 учаске	Ауыл шаруашылығы өндірісі үшін	Жеке меншік
17	21-318-145-2632	«Med Investments» ЖШС	13923	18	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Астана-Қарағанды тас жолы, №32 учаске	Ауыл шаруашылығы өндірісі үшін	Жеке меншік
18	21-318-145-2631	«Med Investments» ЖШС	2666	36	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Астана-Қарағанды тас жолы, №32А учаске	Ауыл шаруашылығы өндірісі үшін	Жеке меншік
19	21-318-066-673	«Мехколонна-56» ЖШС	99891	661	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Астана-Қарағанды тас жолы, №21/3 ғимарат	Өндірістік және кеңселік үй-жайларды пайдалану	Жеке меншік
20	21-318-066-664	«Мехколонна-56» ЖШС	3670	40	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Ақжол даңғылы, №117М учаске	Қабылдау-жөнелту алаңын кеңейту	Уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану (02.02.2027 жылға дейінгі мерзімге)
21	21-318-135-3827	«Барка» ЖШС	116836	3345	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Шәмші Қалдаяқов көшесі, №62 учаске	Коммерциялық үй-жайлары мен тұрағы бар көппәтерлі тұрғын үй кешендерін, коммерциялық ғимаратты, жаяу жүргіншілер және көлік магистралін салу	Уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану (17.06.2052 жылға дейінгі мерзімге)
22	21-318-066-764	«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ	207260	199	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Астана-Қарағанды тас жолы, №27Д учаске	Магистральдық, станциялық және кірме жолдарды пайдалану	Уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану (03.12.2069 жылға дейінгі мерзімге)
23	21-318-063-396	«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ	282097	358	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Ақжол даңғылы, №88 учаске	Орманды қорғау белдеулерін пайдалану	Уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану (18.02.2030 жылға дейінгі мерзімге)
24	21-318-129-1519	«Astana Med 2030» ЖШС	2800	466	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Ахмет Байтұрсынұлы көшесі, №40Л учаске	Шаруа қожалығын жүргізу	Жеке меншік
25	21-318-129-1220	«Aulet Construction» ЖШС	25204	309	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, А 87 көшесі, №1/2 учаске	Ауыл шаруашылығы өндірісі үшін	Жеке меншік
26	21-318-066-713	«Ақбидай-Транс-Астана» ЖШС	42430	205	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, Железнодорожный тұрғын алабы, Нәзір Төреқұлұлы, №34А учаске	Темір жол трассасын пайдалану	Уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану (21.02.2069 жылға дейінгі мерзімге)
27	21-318-096-588	«Construction Nur Trade» ЖШС	776	124	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Вишневый Сад» бау-бақша қоғамы, Цветочная көшесі, №9А учаске	Бағбандық	Жеке меншік
28	21-318-095-116	Адильбеков Жанат Талгатович, Адильбекова Айгерим Каирбековна	760	22	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Зеленая Роща (МК-13)» СУИТК, Энергетиков көшесі, №145 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
29	21-318-095-1054	Адильбеков Жанат Талгатович, Адильбекова Айгерим Каирбековна	585	184	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Зеленая Роща» СУИТК, Тупиковая көшесі, №143А учаске	Бағбандық	Жеке меншік
30	21-318-129-1219	«GOLF Estate» ЖШС	17321	2384	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, А 86 көшесі, №8 учаске	Ауыл шаруашылығы өндірісі үшін	Жеке меншік
31	21-318-145-2679	«Absolut Stroy» ЖШС	10165	332	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Астана-Қарағанды тас жолы, №34 учаске	Ауыл шаруашылығы өндірісі үшін	Жеке меншік
32	21-318-066-674	«Мехколонна-56» ЖШС	62024	3967	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Астана-Қарағанды тас жолы, №21/4 ғимарат	Өндірістік және кеңселік үй-жайларды пайдалану	Жеке меншік
33	21-318-096-596	«Антарес Проект KZ» ЖШС	575	121	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Зеленый Остров» бау-бақша қоғамы, Цветочная көшесі, №21 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
34	21-318-096-595	«Антарес Проект KZ» ЖШС	649	12	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Зеленый Остров» бау-бақша қоғамы, Цветочная көшесі, №20 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
35	21-318-066-512	«ҚазМұнайГаз - қайта өңдеу және маркетинг» АҚ	2	2	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, Ж. Ташенов орамы, №9 учаске	Жарнамалық-ақпараттық конструкцияны орналастыру (Стелла)	Уақытша өтеулі қысқа мерзімді жер пайдалану (20.12.2013 жылға дейінгі мерзімге)
36	21-318-129-1518	«Astana Med 2030» ЖШС	10884	553	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Ахмет Байтұрсынұлы көшесі, №40Д учаске	Шаруа қожалығын жүргізу	Жеке меншік
37	21-318-066-309	«Производственное объединение «Кокше-Цемент» ЖШС	51466	1827	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, А 431 көшесі, №31 ғимарат	Кеңсені, әкімшілік ғимаратты, қосалқы ғимараттарды, қазандықты, қоймаларды, гаражды және темір жол төсемдерін пайдалану	Жеке меншік
38	21-318-096-075	Сатмагамбетов Габит Хакимович	599	6	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Зеленый остров» бау-бақша қоғамы, 2-Ая Набережная көшесі, №1 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
39	21-318-096-765	Сатмагамбетов Габит Хакимович	756	59	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Силикатчик» СУИТК, №5 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
40	21-318-129-1198	«golf estate» ЖШС	28060	146	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, А 89 көшесі, №13 учаске	Ауыл шаруашылығы өндірісі үшін	Жеке меншік
41	21-318-066-708	«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ	65563	238	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, Оңтүстік-Шығыс (сол жағы) тұрғын алабы, Қобыланды Батыр көшесі, №13 құрылым	Байланыстырушы жолдарды пайдалану	Уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану (21.11.2067 жылға дейінгі мерзімге)
42	21-318-096-778	Кордан Нина Даниловна	608	55	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Силикатчик» СУИТК, №22 учаске	Бағбандық жүргізу	Уақытша өтеулі қысқа мерзімді жер пайдалану (17.01.2015 жылға дейінгі мерзімге)
43	21-318-066-794	«PetroRetail PFS» ЖШС	858	705	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, Ақжол даңғылы, №108А учаске	Өтпе жолды ұйымдастырумен аумақты абаттандыру (қоршау және құрылыс салу құқығынсыз)	Уақытша өтеулі қысқа мерзімді жер пайдалану (07.07.2023 жылға дейінгі мерзімге)
44	21-318-145-2582	«Selectum» ЖШС	14600	3650	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, А 128 көшесі, №78/35 учаске	Ауыл шаруашылығы өндірісі үшін	Жеке меншік
45	21-318-145-2534	«Selectum» ЖШС	23686	4611	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, А 128 көшесі, №78/37 учаске	Ауыл шаруашылығы өндірісі үшін	Жеке меншік

№18 (4916) 14/02/2026 Сенбі

ҚАЙЫМ ТҰЛҒАСЫ МЕН МҰРАСЫ

Астанада көрнекті ғалым, абайтанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Қайым Мұхамедхановтың туғанына 110 жыл толуына арналған іс-шаралар өтті. Ұлттық академиялық кітапханада «Қайым Мұхамедханов – адал азамат, тарихи тұлға» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастырылса, қалалық Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің №12 көпшілік кітапханасы «Ғалым. Қайраткер. Тұлға» атауымен әдеби кездесу ұйымдастырды.



Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Белгілі қоғам және мемлекет қайраткерлері, алаштанушы ғалымдар, зиялы қауым өкілдері, Әзербайжан, Башқұртстан және Татарстан ғалымдары қатысқан конференция аясында «Қайым Мұхамедханов: тағдыр, тағылым, тұлға» атты кітап көрмесі ұсынылды. Мәдениет және ақпарат министрлігі Кітап ісі басқармасының басшысы Алмаз Мырзахмет ашып берген іс-шара «Алаштың ізбасары», «Қайым Мұхамедханов және халықаралық әдеби-ғылыми байланыстар», «Қайым Мұхамедханов тұлғасы және «Адал азамат» тәрбиесінің өзектілігі», «Қайым Мұхамедхановтың рухани және ғылыми мұрасы» атты бірнеше бөлімге бөлінді.

Бірінші бөлімде академик, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ғарифолла Есім «Менің ұстазым Қайым Мұхамедханов» атты баяндамасында ғалымның адамдық болмысы мен ұстаздық өнегесін тебірене жеткізіп, Қайым тұлғасы арқылы XX ғасырдағы ұлттық ой-сана эволюциясы көрініс тапқанын атап өтті.

Алаштанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы Тұрсын Жұртбай «Қайымның қиямет қайымы» тақырыбында әңгіме өрбітіп, сталиндік қуғын-сүргін кезеңіндегі ғалымның қайсарлығы мен ғылыми адалдығын тарихи деректер негізінде саралады.

«Қайым Мұхамедханов атындағы Білім және мәдениет орталығы» қоғамдық ұйымының директоры, PhD докторы Дина Мұхамедхан Қайым тұлғасы мен мұрасының қазіргі заман үшін маңызы туралы сөз сөйледі. Филология ғылымдарының докторы Айгүл Ісмақова Қайымды алаштанушы, абайтанушы, әуезовтанушы ретінде кешенді ғылыми феномен деп бағалады.

Екінші бөлімде белгілі журналист, философия ғылымдарының докторы Махат Садық «Қайым және Ватикан» атты тың тақырыпта баяндама жасап, ғалымның тарихи-мәдени зерттеу көкжиегін кеңейтті. Жас ғалым Данияр Ықсан Міржақып Дулатұлы мен Қайым Мұхамедхановтың үндестігі төңірегінде ой қозғады. Филология ғылымдарының докторы Сағымбай Жұмағұлов Қайымның абайтанушы ретіндегі еңбегін сараласа, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанындағы «Абай академиясы» ғылыми зерттеу институтының директоры, филология ғылымдарының кандидаты Жандос Әубәкір Қайымның Абайдың ақындық мектебін зерттеуіне тоқталды. Ақын, абайтанушы Алмахан Мұхаметқалиқызы Қайым Мұхамедхановтың Абай музейін ұйымдастыруға қосқан үлкен үлесі жайында айтты.

Ал №12 көпшілік кітапхана оқырмандары Тұрсын Жұртбай мен Алмахан Мұхаметқалиқызымен кездесіп, Қайым Мұхамедханов туралы әңгімелерін тыңдады. Іс-шарада Қайым туралы бейнебаян көрсетіліп, көрме қойылды. Қатысушылар қонақтарға сұрақтарды қойды.



АҚИЫҚ АҚЫНҒА АРНАЛДЫ

Астана қаласы Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің №3 көпшілік кітапханасы, «Наз» мемлекеттік би театры және «Шарапат» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы бірлесе отырып, қазақ поэзиясының мұзбалағы, ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың 95 жылдық мерейтойына арналған музыкалық әдеби-танымдық кеш өткізді.

Рухани кеш барысында ақынның жүрек тербеген жырлары оқылып, өлеңдеріне жазылған әсем әндер шырқалды. Мұқағали поэзиясы арқылы көрермендер туған жерге деген махаббатты, адамгершілік пен өмірдің терең мәнін тағы бір мәрте сезінді.

Шара аясында №3 көпшілік кітапханасының маманы А.Батырова «Поэзия алыбы – Мұқағали» тақырыбында орталық қызмет алушыларына арнап мазмұнды кітап көрмесін ұйымдастырды. Көрмеде ақынның өмірі мен шығармашылығына арналған еңбектер ұсынылып, қатысушыларға рухани тағылым сыйлады.

ҮЗДІК ТЕАТР РЕЖИССЕРІ АТАНДЫ

Ыстамбұлда өткен он бірінші TYPKCOЙ халықаралық театр сыйлығын салтанатты марапаттау рәсімінде «Астана Опера» режиссері Еренбақ Тойкенов «Үздік театр режиссері» аталымында бас жүлдені иеленді.

Түркі мәдениеті ұйымы (ТҮРКСОЙ) мен «Анадолы» газеті тағайындаған бұл беделді халықаралық марапат арқылы отандасымыздың заманауи сахна өнерінің дамуына қосқан елеулі үлесі мойындалды.



Еренбақ Тойкенов ұлттық қойылымдарды (Сыдық Мұхамеджановтың «Айсұлу» операсы, Тілеуғазы Бейсембектің «Самұрық келген таң» музыкалық ертегісі және т.б.), сонымен қатар әлемдік репертуардағы спектакльдерді де (Джоакино Россинидің «Алжирдегі италиялық қыз» және т.б.) қойды. Жас режиссер 2022 жылы Мәскеудегі «Nano-Opera» халықаралық опера режиссерлері байқауында дүние жүзінен барған 200-ден астам опера режиссерінің арасынан топ жарған еді. «Nano-Opera» байқауындағы жеңісі нәтижесінде Еренбақ «Астана Опера» сахнасында Сыдық Мұхамеджановтың «Айсұлу» қазақ ұлттық операсын қою құқығын иеленді. Артынша бұл спектакль тәуелсіз сарапшылар сыйлығының нұсқасы бойынша «Жыл операсы» деп танылды және жоғары бағаға ие болды. Ал өткен жазда «Астана Опера» режиссері опера өнері әлеміндегі жетекші халықаралық жобалардың бірі – Австрияда өткен Вена опера фестивалінің жұмысына ойдағыдай қатысып келді.

ЕСІРТКІГЕ ҚАРСЫ ФИЛЬМ

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында нашақорлықтың алдын алуға бағытталған «Три дозы смерти» атты деректі фильмнің тұсаукесері өтті.

Іс-шараның негізгі мақсаты – жастар арасында синтетикалық есірткінің таралуына тосқауыл қою және олардың дұрыс өмірлік ұстанымын қалыптастыру.

Тұсаукесерге қонақ ретінде шорт-трекten IX Қысқы Азия ойындарының қола жүлдегері Малика Ермек, конькимен жүгіруші Алтай Жәрдембекұлы және шорт-трекші Санжар Жанысов қатысты.

Деректі фильмнің авторы Саби Байбосыновтың айтуынша, ол бұған дейін де қоғамдағы өзекті әлеуметтік мәселелерді көтеріп келген.

«Қазақстандағы маңызды әлеуметтік проблемаларды қозғап, қоғамға өз үлесімді қосып жүрмін. Бұған дейін депрессия мен лудомания тақырыптарында деректі фильмдер түсірдім. Енді есірткі мәселесін көтеруді жөн көрдім. Себебі Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметіне сәйкес, елімізде 18 мың азамат ресми тіркеуде тұр. Бұл – тек ресми дерек. Тіркелмегендердің саны одан да көп. Бұрын шетелдік фильмдерден көріп таңғалатын жайттар бүгінде бізде де қалыпты құбылысқа айналып барады. Әлеуметтік желінің дамуы есірткінің таралуына жол ашты. Ішкі істер органдарының жыл сайын қаншама тонна есірткіні тәркілеуі аталмыш мәселенің қаншалықты өзекті екенін көрсетеді» деді ол.

ҮСТЕЛ ТЕННИСІ ЖАРЫСЫ

Кеше Өндіріс дене шынықтыру сауықтыру кешенінде университет және колледж студенттері арасында үстел теннисінен сайыс ұйымдастырылды.



Бәсекеге Еуразия ұлттық университеті, Esil университеті, Астана медицина университеті, «Шипагер» медициналық колледжі, «Тұран» колледжі, Қазтұтыну одағының жоғары колледжі, Республикалық медицина академиясы қатысуға ниет білдірді.

«Заң мен тәртіпті сақтау еліміздің тұрақтылығына, ынтымақтастықты қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Жарыс алаңы спортшыларды біріктіреді, жолдастықты нығайтады және салауатты өмір салтының маңыздылығын көрсетеді. 2025 жылы «Заң мен тәртіп» акциясы аясында 35 шара өткен еді. Биыл да ауданымыздағы барлық санатты қамтып, лекция, дөңгелек үстел және т.б. түрлі шаралар арқылы ұйымдастырылып жатыр» деді Астана қаласы Байқоңыр ауданы әкімдігінің Ішкі саясат бөлімінің бас маманы Нұрислам Батырбек.

Командалық форматта өткен турнирде қатысушылар екі топқа бөлініп, жеңімпаздар плей-офф кезеңінде анықталды.

«Кішкентай кезімнен бері үстел теннисін ойнап келемін. Осы уақытқа дейін көптеген жарыстарға қатыстым. Мұндай турнирлердің басты артықшылығы – мықты қарсыластармен ойнап, өз деңгейіңді бағалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар қателіктермен жұмыс істеуге жол ашады. Бүгінгі жарыс та жоғары деңгейде өтті деп ойлаймын» деді «Тұран» колледжінің студенті Арлан Бисекенов.

Жарыс қорытындысы бойынша, жеңімпаздар мен жүлдегерлер кубоктармен және арнайы медальдармен марапатталды.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс №18
Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Асантемір ҚАРШЫҒАҰЛЫ